# БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 5 (167), 2022
Мамыр
Май

2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)


## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ


**Н. Агниязова**
Білім беруде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың бізге берген жемісті нәтижелері....3

**Ғ. Шамаханова**
Латын әліпбиіне көшу – өркениетке қадам....8

**Г. Дауылбаева**
Студенттерді әлеуметтік-психологиялық қолдаудың заманауи мәселесі....12

**Г. Қосбаева**
Кәсіби білім берудің дуалды оқыту технологиясы....13

**А. Қалиакбарова**
Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырудағы пән мұғалімінің шығармашылығы....16

**А. Еңсегенова**
Заманауи технологиялардың бала өміріне пайдасы....17

**Ж. Селбаева**
Қазіргі қазақ поэзиясындағы әлеуметтік жаңашылдық....19

**Э. Кудайбергенова**
Развитие устной речи на уроках английского языка....23

**О. Дроздова, М. Мажитханова**
Изучение структурных особенностей публицистического текста в жанре интервью на уроках русского языка и литературы....26

**А. Селбаева**
Определение годности цилиндровых втулок и отверстий шатунов....31

**А. Сулейменова**
Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық картасы....32

**Ж. Кужамратова**
«Астана – мәдениет пен өнер ордасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау....34

**Г. Байниязова**
Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі....36

**Д. Абенова**
Заңсыз аң аулау. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері....41

**Г. Габдолова**
Home and garden....44

**Ә. Боранқұлова**
Жеңісті жақындатқандар....47



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**
**«Педагог LTD» ЖШС**

Редактор:
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

**БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
**журналы**

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды 20.05.2022 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488



**Редакцияның мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.:
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
**pedagog-ltd@mail.ru**



Журнал «Rado Print» баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46, кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
**Нұрзат Раймқұлова**

## Редакциялық алқа:
## Редакционная коллегия:

**Н. Омашев** — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Аманжолов** — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

**Ә. Дүйсебек** — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

**А. Миразова** — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.


### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

### ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.


**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»
Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК. Свидетельство №10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 20.05.2022 г.
Печать цифровая.
Заказ 322.

Подписной индекс: 75488


Адрес редакции:
050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
Моб.т.: 8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru**


Журнал напечатан в типографии «Rado Print».
Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

# Білім беруде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың бізге берген жемісті нәтижелері

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э. Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», - дейді.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады.

Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді». Масырова Р., Линчевская Т. «Жаңару» дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея».

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н. Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Әдіскер С. Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілгін арттырады.
- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;
- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;
- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.
- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;
- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;
- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала-субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұс-

қадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер арқылы анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтан біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды:

Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді.

Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

Бейімділік өлшемдеріне болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті жатады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогика-

лық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады.

Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Ол болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыруына байланысты.

Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндетттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет.

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми – зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Әрбір білім беру ордаларында бүгінгі таңда белең алып отырған кемшіліктері баршылық, атап айтатын болсақ: білім сапасының төмендігі; білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы; құжаттар көптеп шығарылғанымен мардымсыздығы; білім алушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы; білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбектерінің болмауы.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу. Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып

жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

- жаңа инновациялык технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді және ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметер ағыны күшейген заман. Қазір республикада оқу орындарына ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік көп болып жатыр.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

2. М. Құбашева. Жаңа ақпараттық технологиялармен оқыту.// Информатика негіздері. 2010 - №5. - 6 б.

3. Р. Көбенғалиева Білім беруде ақпараттық технологияны насихаттау //Информатика негіздері. – 2012. - №5. - Б. 9-10.

4. Қалиева Г. Жаңа технологиялардың тиімділігі // Биология, «Қазақстан мектебі» журналы. - 2010. - №2. - Б. 2732.

5. Искаков К.Т., Давыдов В.В., Рубцов В.В., Крицкий А.Г. Психологические основы организации учебной деятельности, опосредованной использованием компьютерных систем // Психологическая наука и образование. - 2010. - № 2. - С. 68-72.

**Нургул Толегеновна АГНИЯЗОВА,**
**Маңғыстау энергетикалық колледжінің арнайы пән оқытушысы.**
**Ақтау қаласы.**

# Латын әліпбиіне көшу - өркениетке қадам

Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Біздің халқымыздың мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі – өзіндік әдеби, ғылыми және саяси жазу нормасы қалыптасқан бай тіл. Осы орайда латын әліпбиіне көшу, қазақ тілінің тамырын одан да терең етпек. Қазақстан Республикасы латынға көшу арқылы қазақ тілін жоғалтып алмайды, керісінше тіліміз жаңғырып, жазу үлгісі жаңа форматта болмақ.Латын әліпбиіне қазақ жұрты ертеден көшкенімен, оны қолдану мерзімі ұзаққа созылмаған. Оның жобасын ең алғаш ақын, әдебиет зерттеушісі, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы жасаған болатын. Бұл жобаның толыққанды іске аспауына, тіліміздің бұғатталуына кеңестік идеологияның салдары себеп болған. Бүгінгі күні біз ешкімге тәуелділігі жоқ, кісен мен тас бұғаудан босаған, өзінің асқақ армандары мен зор болашағы бар тәуелсіз мемлекетпіз. Сондықтан, біз өз заманында қазақ жұртының сақталуына жол ашатын латын графикасы екенін ескерген ата-бабаларымыздың бастаған ісін әрі қарай жаңғыртуға міндеттіміз.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Жолдауда «Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс» екенін басты назарға ала отырып, «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын ғарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек» деп нақты міндеттер жүктеген болатын. Елбасымыз латын әліпбиі туралы мәселені бұған дейін де бірнеше дүркін көтерген еді. Мәселен, 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Латын әліпбиин қарайтын кез келді. Бұл мәселені кезінде кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да, латын әліпбиі бүгінде телекоммуникациялық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан да, бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқ емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстарын жасауы тиіс. Біздің балаларымызды ағылшын тілінде оқытудың өзі латын әліпбиімен байланысты. Ал біз қазір барлық мектептерде ағылшын тілін оқытамыз. Сондықтан мұнда тұрған қорқынышты ештеңе жоқ», - деген болатын. Дегенмен, «әліпби ауыстыру ана тілімізге не береді, неден ұтып, неден ұтыламыз?» деген сұрақ та көпшілік көңілінде жүргені белгілі. Бұл бағытта елімізге танымал ғалымдардың пікіріне жүгінсек, тұтас түркі еліне елеулі ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері М. Мырзахметұлы латын жазуына көшудің бес артықшылығын атап көрсетеді: «Біріншіден, қазақ тілі табиғи қалыпқа түсіп, жасандылыққа ұрынған артикуляциялық базасынан арылып, табиғи қалпына түсер еді; екіншіден, әріп сандары 42 әріптен 28-34-ке дейін қысқарып, жазу сыйымдылығы артып, машинкаға да, компьютерге де сыйымды болар еді,әлемдік желілерге де кедергісіз шығар едік; үшіншіден, латын жазуына өтуге біздің тәжірибеміз де бар. Қазіргі аға ұрпақтың бәрі де латын жазуын қиналмай оқи береді. Ал жастар болса шет

тілдерін оқығандықтан, латын әрпімен таныс болғандықтан тез меңгеріп кетеді; төртіншіден, біз латын әрпін біркелкі ортақ таңбамен алсақ, түрік халықтары бірін-бірі оқи алатын мүмкіндікке келеді; бесіншіден, ең бастысы – санамызға күнде әсер етіп отырған кеңестік идеология мен дүниетанымның тұтқынынан босаймыз».

Қазіргі зиялы қауым өкілдері латын әліпбиіне көшуді әлемдік өркениет жетістіктеріне алып баратын негізгі жол деп есептейді. Оның саяси мәні де зор. Яғни латын әліпбиіне көшу арқылы Қазақ елі бүкіл түркі әлемімен бұрынғыдан да жақындаса түседі. Сонымен бірге шетелдерде тұратын қандастарымыз үшін өз атамекенімен қарым-қатынас жасауларын да жеңілдетеді.

Осыдан бес мың жыл бұрын адам баласы жазу үлгісін тауып, ойы мен пікірін хатқа түсіру жүйесін жасаған болатын. Сол кезден бастап әріп пен жазу адамзат өмірінің ажырамас бөлігі болып қана қоймай, оның тыныс-тіршілігі мен өмір сүру механизміне айналды. Ертедегі жазуларды бабалардың қолтаңбасы десек, бүгінгі күні олар құнды мұра ретінде мұражайларда сақтаулы. Қазақ ұлты да сан ғасырлар бойы бірнеше үлгіні қолданып келгені аян.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы сан түрлі пікірталастар туындай бастады. Халықаралық деңгейде ойлайтын ойшылдарымыз бен ұлт жанашырлары латынға көшуді дәріптесе, кейбір зиялы қауым тарихтың бұл үрдісіне қарсылық білдіріп келеді. Алайда, бір анық мәселе бар. Ол қазақ тілі міндетті түрде латын әліпбиіне көшеді.

Қазіргі уақытта латын қарпін қолдану, ең алдымен, заман талабы болып отыр. Сондықтан да, заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниелермен санасуымыз керек. Латын әліпбиі бізге таңсық емес, себебі, ол біздің қоғамға еніп кеткен. Оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал, латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Мысалы, «Үштұғырлы тіл» саясатын жүзеге асыру бағытында ағылшын тіліне көптеп назар аударылып келеді. Бұл идеяның үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз.

Не үшін латын әрпіне көшуіміз керек? Біріншіден, латын жазуы қазаққа бейтаныс емес. Саяси маңыздылығы жағынан айтқанда, кириллицамен сіңіп кірген отарлық санадан арылу үшін де оның саяси маңызы зор. Екіншіден, латын жазуы қолданысқа оңай, игеруге ыңғайлы. Оған қоса жаратылыс ғылымдары жағында да қолданыста дәлділігі мен ептілігін дүние жүзінің өмір тәжірибесі дәлелдеді және бұл әліпби ақпараттық-технологиялар саласын дамытуға септігін тигізері сөзсіз. Қазір әлемде осы алфавитті қолданушылар өте көп. Бүкіл ғаламторда осы әріп. Тіпті, жастар, біз де өз арамызда осы әріппен жазуға құмармыз. Оның үстіне, бұл біз үшін мүлдем жат нәрсе емес. Кезінде бұл қолданыста болған.Латын әліпбиін қолдану озық техника мен компьютер тілін меңгеруге жол ашады дегеннен бөлек, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтеді, шет елде жүрген қандастарымыз осы жазу арқылы қазақ жерінде болып жатқан барлық жаңалықтан хабардар болады деген ойлардың да шындыққа қа-

тысы бар.Қазір қоғам да, адамдар да соған санасын үйрету керек. Ең бастысы, бұл – ел болашағы үшін жасалып жатқан нәрсе. Басқасын айтпағанда, түркі халықтарына ортақ әріп.Біз әлемдік ғылым мен технологияны, экономиканы игеру үшін ағылшын тілін үйреніп жатырмыз. Латын әліппесі сол тілді игеруге негіз, тиімді алғышарт болары сөзсіз. Халықаралық терминология, медицина, басқа ғылымдар көбі латынша жазылады.Ел ішіндегі «латын әліппесіне көшу қиындықтар туғызбай ма?!» деген сауалдардың орын алуы заңды. Дегенмен, менің ойымша, ынталанған адамға бұл әріпті үйренудің еш қиындығы жоқ, әсіресе жоғары білімді немесе шет тілін оқыған адамға. Қазіргі таңда жасы бар кәрісі бар барлық адам инстаграм,фейсбук, ватсап, т.б. әлеуметтік желілерде отырады. Өзара латынша жазу арқылы-ақ үйренуге болады, қазір сондай үрдіс, яғни жастар арасында латын ғарпін пайдаланып хабарламалар жазу кең етек жаюда. Сонымен қатар, маңдайша мен жарнамаларды да қосымша латын әліппесімен жазулы тұрғанға, теледидардағы жүгіртпе жолдар, көше атауларының да біртіндеп өзгергеніне бұл күндері көзіміз де үйренді.

2017 жылы қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары басталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 21 қазандағы латын графикасы негізінде қазақ тілі әліпбиін жетілдіру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында әліпбидің 40-тан астам нұсқасы, сондай-ақ қазақ тілінің емле ережелерінің жобалары мен пернетақтадағы әріптердің орналасу тәртібі қаралды. Білім беру мекемелерінде жетілдірілген әліпби белгілерін жазу және оқу бойынша сауалнама жүргізілді. Қоғамдық пікірді ескеру мақсатында ашық талқылаулар ұйымдастырылды. Жетілдірілген әліпбиде әріп саны – 31, әліпби тек латын әліпбиі базалық жүйесі таңбаларынан құралған. Бұл әліпбиде қазақ тілінің 28 дыбысы толық қамтылған. Қазіргі ә(ä ), ө(ö), ү(ü), ұ(ū) және ғ(ğ), ш(ş) қазақ әріптері диакритикалық таңбалармен берілген.

Әліпби қазақ тілінің жазу дәстүрінде орныққан «бір дыбыс – бір әріп» принципіне толық сәйкес келеді. Жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023 жылдан бастап 2031 жыл аралығында жоспарланып отыр.

Қорыта айтқанда, латынға көшу, жаңа форматтағы әліпбиді қабылдау арқылы біз жарқын болашаққа қадам басып, тіліміздің кең ауқымда қолданылуына жол ашамыз. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылатын әліпбилердің бірі. Тарихымызға үңілер болсақ, латын әліпбиін қазақ халқы ерте заманнан қолданған. Өзіміздің төл әліпбиімізге қайта оралсақ, тіліміздің өркендеп, одан әрі дамып, қарыштауына жол ашамыз. Бұл әліпби қазақ ұлтының болмысын әлемге танытып, төл тіліміздің жойылмай, тамырын тереңге жаюына үлкен әсер етеді. Жазу арқылы бүгін мен ертеңді, өткен мен болашақты байланыстыра аламыз. Тарихта қалуымыздың үлкен әрі алтын діңгегі ол ұлттың туған тілінің сақталып қалуы. Латын графикасына көшу мемлекетіміздің дамыған 30 елдің қатарына қосылу жолындағы батыл, әрі маңызды қадамдарының бірі.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ

тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ. Бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі негізінен латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Сондай-ақ бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақтар тұратынын ескерсек, солардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшер болсақ, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. Түсіне білген қоғам үшін мұның да маңызы зор екенін атап көрсеткім келеді.

Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға қарыштап, өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Қуантарлығы бүгінде мектеп шәкірттері даярлық сынып, бастауыш сыныптардан-ақ ағылшынша үйренуде. Жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Әлеуметтік желілерде де ағылшынша жазатын жастардың дені күннен күнге артуда. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей көпшілік арасында кең таралып, аукымы кеңейе түсетініне сенімдімін.

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп Елбасы айтқандай, латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда.

Ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау білдіру, жақсыны үйренбекке ұмтылу – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың, соның ішінде біз сияқты өскелең ұрпақтың абыройлы міндеті деп түсінемін!

Латын әліпбиіне көшу — тіліміз үшін жасалған игі қадам!

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан, 2012.

2. Майлықұтова, М. Қазақ жазуының тарихынан [Текст] : оқу құралы / М. Майлықұтова. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 196 б.

3. Әмбебап әліппе [Текст]: Өздігінен үйренушілерге арналған қазақ-латын әліпбиімен сауат ашу құралы / Ұ. Асыл, Ж. Нұсқабайұлы. – Алматы : Білім, 2007. - 272 б.

4. Жолшыбекова Ж.Рухани жаңғырудың бастауы төл тілімізде [Текст] / Жолшыбекова Ж. // Ақиқат. №9.- б. 54-55. 2019.

5. Жумадилова М.Латынға көшу-тіл мәселесін шешудің тиімді жолы [Текст] / Жумадилова М.// Қазақ тілі мен әдебиеті: әдістеме. 2019. №1-2. б.33-35.

6. Латын әліпбиі: уақыт тудырған қажеттілік [Текст] // Ана тілі. -13-19 қыркүйек. 2018.

**Ғалия Қуанышқызы ШАМАХАНОВА,**
**Маңғыстау энергетикалық колледжінің қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушысы.**
**Ақтау қаласы.**

# Студенттерді әлеуметтік-психологиялық қолдаудың заманауи мәселесі

Өзінің болмысын әр түрлі мәдени кеңістіктерде жүзеге асыруға қабілетті тұлғаны тәрбиелеу, яғни сол немесе басқа мәдени ойлау жүйесі ұсынған фактілерді түсіндіру және дұрыс түсіну қазіргі заманғы педагогиканың мақсаты болуы керек.

Балаларға арналған жаңа этиканы бүкіл әлемге жариялау және тарату – біздің заманымыздың ең маңызды белгісі.

Бұл қағиданы ғылым мен практикада жүзеге асыру, бір жағынан, балалықты тең емес мүмкіндіктер мен әртүрлі объективті және субъективті қажеттіліктер проблемасы ретінде түсінуді, ал екінші жағынан, әлеуметтік қорғаудың мүмкіндіктерді теңестіруге бағытталуын білдіреді. балалық және жасөспірімдік кезеңдерден жастарға әлеуметтік көшу кезіндегі әлеуметтік бастама – демографиялық топ.

Мұғалімдер, әлеуметтік педагогтар және білім беру психологтары балалық шақтың биологиялық, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес балалардың қажеттіліктерінің иерархиясын түсінуі керек.

Басты идея – білім алушыларға қатысты ізгілікті әлеуметтік-психологиялық қызметтің моделін құру, дамып келе жатқан ұжым тұжырымдамасын әлеуметтік-педагогикалық мақсаттылық тұрғысынан қалыптастыру және сынау, сайып келгенде мектепке қоғамға ашық білім беру мәртебесін беру.

Оқыту адамды тәрбиелеудің және оқытудың мақсатты процесі ретінде өзінің жеке мүдделеріне, сондай-ақ қоғам мен мемлекет мүдделеріне сәйкес оның тиімділігі мен сапасының накты өлшемдерін талап етеді.

Қазіргі колледждегі білім берудің маңызды мәселелерінің бірі – ағзаның тек оқу жүктемесіне ғана емес, сонымен қатар студенттердің қоршаған әлеуметтік-психологиялық ортасының күрт өзгеруіне бейімделуі.Жастың орта арнаулы оқу орнына бейімделуі білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бейімделу процесі өте динамикалық және оның жетістігі көбіне бірқатар объективті және субъективті жағдайларға, функционалдық күйге және т.б. Яғни әр адамның бірдей оқиғаларға көзқарасы әр түрлі, ал әр түрлі адамдардағы әсер етуші түрткі әр түрлі реакцияны тудыруы мүмкін. Сонымен, білім берудің әр түрлі жағдайында студенттердің бейімделу механизмдері мен заңдылықтарын зерттеу қазіргі кезде маңыздылыққа ие болып отыр.

Жаңа мәдени ортаға бейімделу процесіне бірқатар факторлар әсер етеді:

- жеке сипаттамалары – демографиялық және жеке (оның ішінде жас);
- жағдайлық.

Осыған байланысты бірінші курс студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделу ерекшеліктерін орта арнаулы оқу орнында оқудың алғашқы айларында зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Біз бәріміз ата-бабаларымыздың даналығын ұмытып, ең заманауи теледидарларды, музыкалық орталықтарды іздеуде немесе жетілмеген әлемде өмір сүру үшін күресу арқылы басты нәрсені, ертеңгі күнді, өз балаларымызды ұмыттық ...

Жас ұрпақтың көпшілігі өздерін сенімді әлеуметтік нұсқауларсыз тапты. Өмір жолын әлеуметтік алдын-ала анықтауға негізделген дәстүрлі әлеуметтендіру формаларының жойылуы, бір жағынан, жастардың тағдыры үшін жеке жауапкершілігін күшейтті, оларды таңдау қажеттілігінен бұрын қойды, екінші жағынан, бұл еріксіздікті анықтады олардың көпшілігі жаңа әлеуметтік қатынастарға қосылу. Өмір жолын таңдау жастардың қабілеттері мен қызығушылықтарымен емес, нақты

жағдайлармен анықтала бастады.

Ересек тұрғындар – ата-аналар, мұғалімдер арасындағы білімнің, дағдылардың және заманауи әлеуметтік-адаптивті мінез-құлық стратегияларының жетіспеушілігі оларға қажетті тәрбиелік әсер, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсетуге мүмкіндік бермейді. Аға буынмен байланыстың жоғалуынан жасөспірімдер өздерін жалғыз және психологиялық тұрғыдан дәрменсіз деп тапты.

Нақты проблемалардан елес әлемге қашуға деген ұмтылыс жастар арасында маскүнемдік пен нашақорлықтың кеңінен таралуына ықпал етеді. Сарапшылардың пікірінше, өсудің себептері белгілі дәрежеде индивид пен қоғам арасындағы қақтығыстың нәтижесі болып табылады, бұл әсіресе әлеуметтену дағдарысында айқын көрінеді. Қазіргі кезде ересектер жас ұрпаққа өмір сүрудің баламалы тәсілдерін, мақсаттары мен құндылықтарын қажетті мөлшерде ұсына алмайды, олар үшін көп оқып, көп жұмыс істеу және белгілі бір мінез-құлық стандарттарын сақтау қажет болар еді.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Завьялова Н.Ф. Проблемы девиантного поведения // Социс. – 1999 г.
2. Овчарова Р.В. Практическая психология образования. – М. 2003.
3. Основы социальной работы /Под ред. П.Д. Павленка. – М., 2001.

**Гүлмира Елшібекқызы ДАУЫЛБАЕВА,**
**Маңғыстау энергетикалық колледжінің Мәдениеттану пәні оқытушысы.**
**Ақтау қаласы.**

# Кәсіби білім берудің дуалды оқыту технологиясы

Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты техникалық және кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын жаңа инновациялық, технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар дайындау.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылы жариялаған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында «Әрбір адам, соның ішінде, әсіресе, жастар белгілі бір кәсіптік саладан өз болашағын көргісі келетіндігін мойындау қажет. Бұл – өте қалыпты жағдай. Өйткені адам өзінің қайда бет алғандығын анық көрген кезде ғана биікке қарай күш-жігермен ұмтылады» деп атап көрсеткен еді. Елбасы осы өзекті мәселені шешуде дуалды кәсіби білім беруді дамытудың маңызды екеніне де назар аударған болатын.

Оқу орындары жұмыс беруші жеке шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа заманауи технологияларды, инновациялық технологиялық бағдарламаларды меңгере алатын дайын білікті мамандар даярлайды. Осы мақсатта болашақ маман иелері өздері таңдаған мамандықтарды кәсіби тұрғыдан жан-жақты игеріп, қазіргі заманауи озық технологияны

меңгеріп әрі қарай дамытуы керек. Сондықтан еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік және теория мен тәжірибенің үйлесімді болуы үшін дуалды білім беру жүйесін енгізу қажет.

Дуалды жүйемен оқытудың төмендегідей артықшылықтары бар. Біріншіден, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің айтқан талаптарын игеріп, меңгерген тәжірибесі бар маман болады.Екіншіден, жақсы білімді, болашақ маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізуге және өндірістегі жұмыстарды алып кетуге қабілетті. Үшіншіден, «тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жүреді, студент теориялық, яғни мәтінмен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теорияда қиындау келетін терминдер мен есептерді тәжірибе жүзінде шешеді. Төртіншіден, студент тек теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді. Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дуалды оқыту технологиясы енгізіліп, жүзеге асқан кезде қол жеткізетін нәтижелер. Қазіргі кезде еліміздегі еңбек нарығында білікті мамандар тапшылығы байқалып отыр. Соның ішінде мал шаруашылығы саласында білікті мамандар тапшы. Сондықтан қалыптасқан жағдайда білім беруді тек теориялық тұрғыдан ұйымдастыру жеткіліксіз, яғни жас маманның өндірістік машықтанудан толық кәсіптік деңгейге шығуына жағдай жасау өзекті мәселе.

Оқытудың дуалдық жүйесін енгізу бағытында біраз жұмыстар тындырылады. Құзіреттілігі жоғары мамандар даярлау жүйесінде дуалдық оқыту жүйесі маңызды орын алмақ. Өйткені бүгінгі күн дуалдық оқыту жүйесі әлемдегі кәсіптік-техникалық кадрар даярлаудағы ең тиімді формасы болып табылады. Бұл қадам кәсіптік техникалық білім берудің және мамандар дайындаудың санын да, сапасын да көтеруге мүмкіндік береді. Ол үшін мемлекет пен бизнес құрылымдары арасында тығыз ынтымақтастық орнауы қажет. Кәсіптік білім беруді дамытуға жұмыс берушілердің белсенді қатысуынсыз экономика қазіргі заман өндірісіне сай келетін біліктілігі жоғары мамандарды ала алмайды. Осыған байланысты орта ондағы жұмысшы мамандарды даярлаудың сапалық деңгейін көтеру мәселесі өзекті мәселеге айналып отыр. Дуалдық жүйе дегеніміз, білімгертүлектер білім алумен қатар, кәсіпорында жұмыс істеуді бастайды. Оқуды бітіргенде бұл білімгерлер сол кәсіпорынның ерекшеліктерімен және қондырғы – құрылғыларымен толық танысып, сол кәсіпорынға орналасуға мүмкіндік алады.

Қазіргі жағдайда нақты өндірістік секторды, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын тұрақты дамыту ғана жаһандық дағдарыстың себептерінің болып отырған әлеуметтік масылдыққа балама бола алады. Білім жүйесін жаңғырту аясында дуальды кәсіби білім беруді дамыту, жұмысшы кадрларының зәрулігін еңсеру үшін қолданбалы мамандықтардың заманауи орталықтарын құру міндеттері қойылды. Дуальды жүйе негізгі оқу орны мен өндірісте қатар оқыту. Бұл кәсіптік-техникалық білім берудегі басты проблема – кәсіптік оқу орнындағы теория мен заманауи өндіріс практикасы арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Дуальды оқытуда теория мен практиканың өзара байланысы принципі жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке ие болуға көмектеседі. Мұндай оқыту өндірістің нақты сұраныстарына барынша жақындатады да жұмыс берушілер дайын мамандарға ие болады. Білім жүйесін жаңғырту аясында дуалды кәсіби білім беруді дамыту, жұмысшы кадрларының зәрулігін еңсеру үшін қолданбалы мамандықтардың заманауи орталықтарын құру міндеттері қойылды. Бұл кәсіптік-техникалық білім берудегі басты проблема – кәсіптік оқу орнын-

дағы теория мен заманауи өндіріс практикасы арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Дуалды оқытуда теория мен практиканың өзара байланыс принципі жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке ие болуға көмектеседі. Мұндай оқыту өндірістің нақты сұраныстарына барынша жақындатады да жұмыс берушілер дайын мамандарға ие болады. Біліктіліктің кең ауқымы мен бәсекеге қабілетті машықтарына ие жаңа үлгідегі мамандарға деген ерекше сұранысты үдемелі индустриалдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының ауқымды жобаларын жүзеге асыру тудырып отыр. Сапалы кәсіптік білім беруді жүйенің негізінде жүзеге асыратын болса, жұмыс беруші кәсіпорындардың ұтатыны: Кәсіпорынның технологиялық базасында студенттердің тәжірибеден өтуін ұйымдастыру арқылы озық ойлы, талапты адамдарды жұмысқа алу мүмкіндігіне ие болады. Құзырлығы жоғары мамандар кәсіпорынның жұмысын сапалы деңгейге көтереді. Ұжымдық психологиялық дұрыс ахуал, жақсы көңіл күй, еңбек етуге деген ынта артады, жұмысшылардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жұмыс беруші мен жұмысшылардың арасындағы кикілжіңдердің және әлеуметтік шырығулардың деңгейі төмендейді. Құзырлығы жоғарғы мамандар өндірістік технологияда өнертапқыштық, шығармашылық, инновациялық қабілеті арқылы кәсіпорынның экономикасын дамытады, пайдасын ұлғайтады. Экономикасы дамыған кәсіпорындағы жұмысшының еңбекақысы артады, халықтың әл-ауқатын арттырудағы кәсіпорынның үлес салмағы артады. Тәжірибеден өту кезінде студенттің еңбекке деген құрметін және отбасының материалдық деңгейін көтеретін еңбекақы төлеу арқылы кәсіпорынның беделі артады. Бүгінгі таңда дуалды оқыту жүйесін еңгізу арқылы кәсіби және техникалық білім беру мазмұны жаңаруда. Кәсіби білім беру талаптарына сәйкес колледждер мен серіктес кәсіпорындар бірлесе, студенттерге жалпы кәсіби білім беру жолында мемлекеттік білім беру тапсырысын орындауда.«Мемлекет» - «жұмыс беруші» - «оқу мекемесі» - «білім алушы» парадигмасы бойынша кәсіби білім беру жүйесінің жауапкершілігінің артуы, колледж түлектері кәсіби білімнің сапасын, олардың жұмыспен қамту кепілдігіне негіздеме болады. Колледждердің инженерлік-педагогикалық ұжымдары алдында жаңа түрпатта осы стратегиялық бағытта іске асыру міндеті тұр. Бұл жол инновациялық көзқарастарды тиімді, деңгейлеп еңгізу мен бағдарлы мақсаттарға және жоғары сапалы деңгейде қол жеткізудің нақты жолы. Әрине, мұндай қадамның күрделілігі баршамызға аян. Дей тұрғанмен, студенттердің өздеріне деген сенімдерін оятып, ата-аналармен түсінік жұмыстарын жолға қоя білген, олардың көзқарастарын өзгертуге, жігерлерін шыңдауға күш салып, нарық заманына сай жас ұрпақтың бейімделуіне бар білімдермен тәжірибелерін жұмсай білген, колледж ұстаздарымен өндіріс оқыту шеберлерінің біліктілігіне тәнті болмасқа болмайды.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
2. Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
3. «Кәсіптік мектеп» журналы, №2, 2010;
4. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығы.

**Гүлзира Нурбердиевна ҚОСБАЕВА,**
**Маңғыстау энергетикалық колледжінің**
**Арнайы пән оқытушысы.**
**Ақтау қаласы.**

# Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырудағы пән мұғалімінің шығармашылығы



**Ардақ Олжабекқызы ҚАЛИАКБАРОВА,**
**Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**
**Бостандық ауданы, Алматы қаласы.**

Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауатттылықты талап етуде.

Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан, ұстазға жүктелетін міндет ауыр. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс жасап, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға саналады.

Қазіргі кезде, педагогикалық қызмет табиғатында шығармашылықты талап ететіні барлығымызға түсінікті. Адамның шығармашыл мүмкіндіктерінің дамуы тұлғаның интеллектуалды, эмоциялық, рухани потенциалының баюына, өзін-өзі жетілдіруге, танытуға ұмтылуға нақты жағдай туады. Осыған байланысты ұстаздардың кәсіби дайындығының мақсаты да өзгереді. Кәсіби құзіреттіліктің қалыптасу процесі кәсіби білімнің, біліктің, іс-әрекеттің қалыптасуын, ұстаздың жалпы мәдени дамуын, өзінің көзқарасының және тұлғалық кәсіби құнды қасиеттердің қалыптасуын қамтиды. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі күнделікті педагогикалық қызметте әр түрлі танылады және әр түрлі іске асады. Педагогикалық үрдісінде құзіреттілігін қалыптастыру тиімді болады, егер:

- кәсіби құзіреттіліктің қалыптасуына әсер ететін факторлар ескерілсе: әлеуметтік; педагогикалық–психологиялық ұйымдастыру;
- педагогикалық тәжірибе үрдісінде оқушылардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру бойынша тәрбиелеу;

Егемендік алып, жылдам дамып келе жатқан ақпараттық құзыреттілік мұғалімнің өзінің құзіреттілігін арттыратын құралы. Заман ағымына қарай күнделікті сабақта видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез-келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет. Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың дамыту бағыт-

тарын талап етеді. Жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, олардың өзіне деген сенімін нығайту, бір сөзбен айтқанда, өмірде өз жолын өзі таңдауына түрткі болу – ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы абыройлы борышы.

Шығармашылық бұл – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткізген жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекеттерінде сол жетістіктерді жаңа жағдайда бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға ие болады. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашыл педагогикасының негізгі мақсаты – бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен жаңа шешімдер іздестіру болып табылады.

«Шын мәніндегі педагогтардың ерекшелігі – өзінің барлық білімін ғылымизерттеу тәжірибесін түгелімен шәкірттеріне беру, өз шәкірттеріне өз баласындай қарап, олардың жетістіктеріне сүйсініп, кемістік жақтарына күйіну», - деп Қажым Жұмалиев ағамыз айтқандай, білім – қоғамдағы әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту. Олай болса, білімге негізделген қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, әлемдік бәсекеге қабілетті ұрпақты оқытып тәрбиелеуіміз керек.

# Заманауи технологиялардың бала өміріне пайдасы

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы.

Заманауи жаңа технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқутәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды. Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, ол үшін мектеп мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Технология – бұл қандай да бір істе, шеберлікте, өнерде қолданылатын тәсілдер жиынтығы. Бұл педагогтың қызметіне қатысты барлық іс-әрекеттер белгілі реттілікпен және тұтастылықпен ұсынылатын құрылымы, ал оны орындау қажетті

нәтижеге жетуді тұспалдайды және болжамды сипатқа ие. Жүздеген білім беру технологиялары бар.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы.

Педагогикалық технология кешенді, бірегейлі процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялардың түрлері:

1. Білім берудің ізгілендіру технологиясы;
2. Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы;
3. Ойын арқылы оқыту технологиясы;
4. Модульдік оқыту технологиясы;
5. Дамыта оқыту технологиясы;
6. Оза оқыту технологиясы;
7. Ақпараттық технология;
8. Дейгейлеп саралап оқыту технологиясы;
9. Бағдарламалы оқыту технологиясы;
10. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы;
11. Интерактивті оқыту технологиясы;
12. Кәсіби бағдар беру технологиясы.

Жаңа психологиялық-педагогикалық технологиялардың пайда болу себептері:

• оқушылардың психофизиологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін тереңнен ескеру және қолдану қажеттілігі;

• білім берудің тиімділігі төмен вербалды (ауызекі) тәсілін жүйелі-қызметтік тәсілге алмастыру қажеттілігін түсіну;

• оқу үдерісін, оқудың кепілдемелі нәтижелерін қамтамасыз етуші оқытушы мен оқушының әрекеттестігінің ұйымдастырушылық нысандарын жобалау мүмкіндігі.

Жаңа педагогикалық әдіс бұл – топтық жұмыс:

· біріншіден, оқушыларға бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырады.

· Екіншіден, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

· Үшіншіден, бірін-бірі оқытуға, бірінен-бірі үйренуге жағдай жасайды.

Бұл әдіс сонымен қатар топ болып ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауға,ойын еркін ортаға салуға, бірінен-бірі үйренуге септігін тигізді. Яғни, топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу, проблемаларды шешу және топ ішінде шығарманы жан-жақты талдауға көмектеседі.

Оқу процесінде қолдануға тиімді ойындардың маңызды түрлерінің бірі:

1. Рөлдік ойындар;
2. Іскерлік ойындар;
3. Имитациялық ойындар.

Рөлдік ойындар – тиімді интер белсенді әдістердің бірі. Педагогика саласында зерттеу жүргізетін ғалымдардың басым көпшілігі оқытудың ойын әдістері кәсіби дамудағы ең тиімді әрі болашағы зор тәсілдер деп есептейді. Өйткені іс-әрекет арқылы үйрену үйрету – танымның тиімді тәсілі екендігі баршаға аян; адамның жадында бірінші мезетте өзінің жасағаны мен бастан кешкен әсерлері қалады. Ал рөлдік ойындар оқушылардың өздерін басқа адамдардың орнына қойып, мәселе немесе проблеманы солардың тұрғысынан қарастырып, шешімді өз «қолдарымен» жасауды меңзейді. «Ойын» сөзі сабақта инсценировканың орындалып, әрекеттердің спектакль түрінде көрсетілетіндігін меңзейді.

Іскерлік оқу ойындарында қандай да бір сценарий ауқымында рөлдерді өзара бөлісіп зерттеу жұмыстарын жүргізу және деректерді талдау арқылы нақты практи-

калық мәселелерді бірлесе отырып шешеді. Оқу ойындарының сценарийлері тақырып ауқымында болып, күрделі мәселелерді ойын тұрғысынан «ойнап» шешуге бағытталады.

Имитациялық ойындар дегеніміз адамдардын қалыптан тыс экстремалды жағдайлардағы әрекеттерін анықтайтын өмір сүру ортасынан модель құру. Мұндай жағдайлар қатарына «жанжал», «әуе апаты», «жер сілкінісі» «жау тылында», «робинзон» секілді оқиғаларды жатқызуға болады.

Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік – білім мен мүмкіндіктің бірігуі;
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшыл мұғалім еншісі. Бастауыш мектеп;
3. Сманқұлова Ж., Саметова Ф. Оқудың инновациялық әдістері. Оқу әдістемелік құрал;
4. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. – Бастауыш мектеп;
5. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М.;
6. Гузеев В. В. Образовательная технология: от приема до философии. – М.

**Аян Асетовна ЕҢСЕГЕНОВА,**
**«Асмет Ұлас» педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжінің Өндірістік оқыту шебері.**
**Ақтау қаласы.**

# Қазіргі қазақ поэзиясындағы әлеуметтік жаңашылдық

Поэзия – ұлы әлем, тылсым күш. Мұңайғанның жүзіне күлкі сыйлатқан, бейқам көңілді тұңғиық ойға шомдырған, ғашық көңілдердің асық жүректерін бір арнаға тоғыстырған не құдірет?... Әрине, ол – поэзия. Өлең – сөздің патшасы екендігі ықылым заманнан бері айдан анық. Сонау замандағы *«Алып Ер Тоңаны жоқтау»* жырынан бастап, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай атамызға дейінгі һәм одан кейінгі барша ақындар осыны дәлелдеп берді емес пе?! Ұлы Абай ақынымыз көрсетіп кеткен ұлы жолдың үстімен жүріп, поэзия көгінің ай – қанат қырандарына айналған қаншама ата-апаларымыз, аға-әпкелеріміз бар: *М. Жұмабаев, С. Торайғыров, С. Сейфуллин... бертін келе М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденов, Қ. Мырзалиев, Ф.Оңғарсынова, К. Ахметова, М. Шаханов, т.б.* Осы аталған ақындардың (аты аталмаған қаншама жыр жампоздары бар) жыр-жауһарларының куәсі XX ғасыр. Ал біз, сапалы білім, саналы тәрбие алып бой түзеп келе жатқан жастар, кімдерді оқып жүрміз немесе қазіргі қазақ поэзиясының арландары кімдер? Осы зерттеу жобамызға сай сұраққа жауап іздедім... Біздің жас оқырман ретінде өзіміз таңдаған, сүйіп оқитын ақындарымыз бар. Соңғы үш- төрт жыл ішінде оқып, танысқан шығармалардан көңілімізге ұнап, жүрегімізге жаққан үлгі тұтар аға-әпкелеріміздің өлеңдерін өзімше саралап көрдім.

«Қазіргі қазақ поэзиясындағы әлеумет-

тік сарын» деп аталатын зерттеу жұмысымда қазіргі ақындар қандай бағытта ой толғады, яғни қандай сарынды байқаймыз. Олардың шығармаларын оқи келе өлең-толғауларынан әлеуметтік сарынды байқаймыз. Ақындардың жыр-толғауларындағы әлеуметтік сарынды айтпас бұрын, ең алдымен, әдеби ағым, бағыт, сарын сөздерінің мағынасын ашып алған жөн. Түсіндірме сөздікте: «бағыт- идеялық нысана, ұстаған жолы» деген анықтама беріледі. [1, 71 б]. Демек, бағыт дегеніміз – алға қойған мақсатқа жету жолындағы белгілі бір ұстаным, сол мақсатқа баратын жол. Кез келген қаламгер өз шығармасын ойдан шығарып, қиялмен ұштастырып жазбайды. Сол өзі өмір сүрген дәуірдің, мезгілдің шындығын суреттейді. Қандай да бір шығарманың кейіпкерлері – қарапайым халық, оның тіршілігі, өмірі, қиындық атаулыны жеңу барысында көрген қиындығы болады. Сонда бір дәуірдің қаламгерлері бір бағытта өз туындыларын өмірге әкеледі. Осыдан әдеби ағым пайда болады десек, ол әдеби сарынға ұштасады. Осы тұрғыда З. Қабдолов *«Бір топ жазушының бүкіл суреткерлік өнеріндегі белгілі бір уақыт пен кеңістікке сай идеялық-көркемдік бірлік – әдеби ағым. Осы ағым нәтижесінде әдеби сарын туындайды»* деп анықтама береді. [2.478 б]. *Сарын – бағыт, бет алыс.* [2.96 б] Қорыта айтсам, әдеби ағым мен сарын – сол дәуірдің айнасы бола отырып, тарихтың, белгілі бір кезеңнің сырын, күресін сипаттайды. Сонда әдебиеттегі ағым мен сарын қоғамның нәтижесінде туындап, дамып, өзгеріп, жоғалып отыратынына мән берілген.

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті – отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты. Алайда, Алмас Темірбайдың «Жасанды әйел» атты өлеңіне назар аударсақ:

*Шүлдірлеген әр тілде тілің қандай жасанды,*

*Еліктеген әркімге түрің қандай жасанды.*

*Алдап, арбап қарайтын көзің қандай жасанды,*

*Жұртты ақымақ санайтын сөзің қандай жасанды.*

*Бетіңдегі бояуды-ай, ұн жаққандай жасанды,*

*Жалғап алған сояудай тырнақ қандай жасанды.*

*Силиконмен жөнделген кеудең қандай жасанды,*

*Фотошоппен өңделген бейнең қандай жасанды.*

*«Коко Шанель» деп жүрген иіссуың жасанды... [3]*

Қазіргі кезде қыздарымыздың кіндігін көрсетіп жүруі, жарассын-жараспасын киімдерді киюі, өміріміздің бір бөлшегіне айналғанын жасыра алмаймыз. Баланың жақсы адам болуы тек ғана өмірдің ағымынан қалмай киіну ғана емес, ең негізгісі өмірден өз орнын таба алатын азамат ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатады.

Жазушы **Әзілхан Нұршайықов атамыз айтқандай:** «Қазіргі қыздардың түрі, түсі бұрынғы ғасыр қыздарына ұқсағанымен бұлар ұлттық үлгіден ауытқып бара жатыр. Қазір көптеген қыздар ана тілінен алыстап, ұлттық дәстүр, салт-санадан мақұрым болып барады. Қазақтың тамаша ұлттық салт-дәстүрлерінен мүлде хабарсыз. Оны

білгілері де келмейді. Бір сөзбен айтқанда қазіргі қазақ қыздарында ұлттық рух жоқ. Қазіргі қыздар тарқылдап күледі, қайқаңдап жүреді. Үлкендерге ізет жасауды білмейді – ұлттық сыпайылық жоқ. Қазіргі көп қыздар пәктігін сақтамайды. Пәктігі жоқ қыз байға тигенде бақытсыз болатындарына мән бермейді. Пәктігінен ерте айрылған қыз салдақы болады. Салдақыдан сарамас туады. Ұлт ұрпағы осылай азады» *[4.6 б]* - деп ашына жазса, Алмас Темірбай да осы өлеңінде:

*Түнде ойнақ саларсың «жігіт» тауып жасанды,*

*Сосын, бала табарсың ұрықтанып жасанды.*

*Көрінесің қоғамға тіптен, ерсі, жасанды,*

*Бала тусаң... оған да сүт берерсің жасанды?!*

*Айта берсем, әй енді, барлығы да жасанды,*

*Демек, ондай әйелдің тағдыры да жасанды... [3]* – деп Әзілхан Нұршайықовтың сөзін толықтыра түсіп, қазіргі қыздарымыздың болашағына алаңдайды.

Сонымен жеті рет өлшеп, бір рет кес дегендей біздің айтайын дегеніміз қазіргі қазақ қыздары өздерін жөнге салса дейміз. Біз яғни арттарыңыздан келе жатқан сіңілдеріңіз сіздерге қарап өсеміз. Сондықтан сіздерді қазірден бастап ойланар деген үмітпен жазған ғылыми жоба болды. Әрине, жүректеріңізге тиіп, көңілдеріңізден шықса қуаныштымыз.

Қазақ ертеден *«Жетім көрсең жебей жүр»* деген ұлағатты сөзді бойына терең сіңіріп өскен халық. Алайда соңғы уақытта іштен шыққан баласын далаға тастап, ана атанып жүргендер қаншама? Дана халқымыз сан ғасырдан бері *«Адамның бақыты — балада»* деп, баласының ер жетіп азамат болуына бар өмірін арнап, жиған — тергенін балаларының жолына, қолына берген. Кез келген адам баға жетпес бақытты ұрпағының жалғасып, өсіп-өнуін тілейтіні белгілі. Ал, қазіргі таңда кейбір жандар өз бақытын байлықтан, мансап пен қызметтен іздейтін сияқты. Соның есебінен елімізде жәутеңдеген қара көздердің саны едәуір артып, жетімдер үйі көбеюде.

Қазіргі жас ақын, Оюлы Қуаныш: ***«Жан-айқай» (көліктің терезесінен лақтырылып, туа сала өлім құшқан сәбидің монологы) атты өлеңінде:***

*Қазағым-ай,*
*Сап-сау тудым, Ер болар ем ту алған,*
*Ерлігімді намысыма суарған.*
*Қазақ деген елдің ұлы болам деп,*
*Жатырыңа біткен кезде қуанғам!*
*Қазағым-ай,*
*Қысқа күнде қырық өлең шығарған,*
*Ақын ұлттың ұлы болу - ұлы арман.*
*Мен, әу баста, Жаратқаннан сол үшін,*
*Мына сенің жатырыңа сұранғам!*
*Ей, адамдар,*
*Мен жолдамын, мені ұмытып кетпеңдер,*
*Аза тұтып жатыр маған Көк пен Жер,*
*Тым құрыса баспаңдаршы миымды,*
*Жинап алсын кептерлер!... [3]* — деген өлең жолдарын оқи отырып, жетімдіктің қасіреті мен қайғысын сезінесің. Кейде таң қаласың, кейбір жандар балаға зар болып, күні-түні үмітін үзбей, Алладан жалбарынып тілейді. Енді біреулер Алланың берген сәбиін көрінгеннің қолына тастайды. Тұрмыс жағдайын, тағдыр тауқыметін сылтау етіп, балаларынан бас тартады. Көзі қиып, жүрегі шыдап, шырылдаған сәбиін панасыз қалдырған тасбауыр жандар жер басып қалай жүреді екен? Осындай қатыгездіктің салдарынан дүние есігін ашпай жатып, өмір сынымен арпалысып, тағдыр тауқыметін арқалаған бұл балалардың қандай жазығы бар?

Ақын Қалқаман Сарин бүгінгі қоғамымыздағы әрбір шаңырақтың ұйытқысы саналатын ене мен келіндеріміздің көгілдір жәшіктен үздіксіз беріп жатқан телесериалдардың кесірінен, болашақтың иесі

ұл-қыздарының тәрбиесіне мән бермей отырғандығын ашына жазады.

*Әлдиім мәңгі құтты адам,*
*Анамды аттың, Кальяни!*
*Бесіктен белі шықпаған,*
*Баламды аттың, Кальяни!*

*Алты алаштың баласын,*
*Алаңдаттың, Кальяни!*
*Ағайын-туыс арасын,*
*Араңдаттың Кальяни! [5. 46.]*

Тасбауыр ғасыр, жалаңаш қоғам, санасы уланған ұрпақтың кескіні осы бір-ақ шумақта жатқан жоқ па?!

Жұртшылықтың басым бөлігі дерлік қазіргі таңда әлеуметтік желілердің шырмауында. Бұрын кітап оқыған адамға өзгелер қызыға қарайтын. Кітап-рухани дүние білімінің көзі болып табылса да, қазіргі таңда оның қадірі түсіп кеткендей. Себебі, болашағынан үлкен үміт күтетін жастардың барлығы кітапқа құштар емес. Мектептерде, оқу орындарында сабаққа байланысты мәліметтің бәрін интернеттен алуға тырысады. Осы бір қоғамның мәселесін Бек Жылқыбаев «Ғаламтор дәуірі» өлеңінде:

*Ғаламтор дәуіріне қадам бастық,*
*Естідің бе?*
*- Қош! - деді маған жастық...*
*...Бетпе-бет бұрынғыдай кездеспедік,*
*Смайлдармен*
*Алыстан, хабарластық.*
*Ия, досым,*
*Өтті жылдар, айыменен,*
*Өмір деген,*
*Қалды ғой жайыменен.*
*Қорқыныш,*
*Әлеуметтік желілерден,*
*Білмеймін - ау,*
*Жүректе уайым неден...*
*Ішіне,*
*Неше түрлі бәле толы,*
*Кісендеді ұялы телефоны.*
*Осымен уақытымыз өтіп жатыр,*
*Тастай алмай жүрміз-ау неге оны? [6 .58б]*

**«Өлең – сөздің патшасы» деп ұлы Абай айтқандай, поэзия – шексіз әлем, құдіретті күш.** Мен қолыма түскен жыр кітаптарына ғана тоқталдым. Қазақ жырының көші қай бағытта дамуда, ұлттық поэзиямыздың бүгінгі деңгейі қандай деген сұрақтарға сарсылып жауап іздедім. Жалпы байқағаным, бүгінгі ақындарымыздың көпшілігіне тән ортақ бір нәрсе – ұлттық поэзиямыздың өн бойынан «Уайым сарыны» есіп тұрғандай әсерге бөлендік! Иә, қазақ ақындарының қазіргі таңдағы еліміздің ертеңіне қатты алаңдайтыны анық аңғарылып тұр. Жасына, жынысына қарамастан кез келген ақынның жыр кітаптарынан төңірегімізде болып жатқан бітпейтін қым-қиғаш дау-дамайлар, кескілескен қанды майдандар, талас тартыстар, қабырғасы қайысқан қазақтың көңілкүйі бүгінгі қазақ өлеңіне еніп кеткендей. Иә, туған халқының тағдырына, өскен өлкесіне, атамекеніне алаңдамаса, оның ертеңін уайымдамаса, оның несі ақын дейсің. Ұлттық поэзиямызға тәуелсіздікке дейінгі, тәуелсіздіктен кейінгі қазақ поэзиясы деп саралай қарасақ, санадан өткізіп талдасақ, бір нәрсені анық аңғарамыз. Ол – заманалардың ырқымен кетпей, қазақ ақындары өздерінің асқақ жырларын миллиондардың жүректеріне жеткізе алғандығы емес пе? Қандай бір аласапыран кезеңдерді халқымыз басынан кешсе де, сол ауыр заман қазақ ақындарының өн бойларын жазылмайтын дерт боп жайлап, қайғы-қасірет жүректерін улы жебедей тесіп өтті. Қандай да бір ауыр жағдайлар қазақ ақындарының, қазақ жырының сағын сындыра алмады! Қазақ ақындары қай дәуірде де халық жағында болды. Тәуелсіздіктің көк туы төбемізде желбіреп тұруы бүгінгі қазақ жырын асқақтата түсті. Қазақ жыры жастарымызды кешегі

Әлекең, Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқайлар армандаған отаншылдыққа, мемлекетшілдікке, биік адамгершілік пен парасат-пайымға баулитыны анық.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
2. З. Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007.
3. А. Темірбай. Авторлық сайт.
4. «Жұлдыздар әлемі» журналы. №2, тамыз, 2015.
5. Қ. Сарин «Арманымның бейнесі» – Астана: Жебе баспа үйі, 2012.

**Жанна Дүйсенбайқызы СЕЛБАЕВА,**
**№7 мектеп-лицейінің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Маңғыстау ауданы, Маңғыстау облысы.**

# Развитие устной речи на уроках английского языка

Значение изучения иностранного языка бесспорно. Но при обучении возникает множество проблем. К ним относятся проблема повышения эффективности обучения устной речи на уроках иностранного языка, которая непосредственно связана с разрывом между теорией и практикой и пассивным характером учебной деятельности, тогда как абсолютной ценностью общества становится образованная активная личность, способная к непрерывному самообразованию, саморазвитию и самосовершенствованию.

**Выдвигается следующая гипотеза:**

Если в процессе обучения иноязычной устной речи использовать современные педагогические технологии, то это позволит повысить эффективность обучения данному виду речевой деятельности.

Поэтому целью моей работы является изучение путей повышения эффективности обучения устной речи на уроках английского языка с использованием современных педагогических технологий (на примере проектной деятельности обучения).

**Объектом** исследования является процесс совершенствования устной речи учащихся на уроках английского языка.

**Предмет:** использование современных педагогических технологий с целью повышения эффективности устной речи на уроках английского языка.

**Задачи:**

1. Изучить и проанализировать лингвистическую, психолого-педагогическую, дидактическую и методическую литературу по исследуемой проблеме;
2. На основе анализа литературы выявить общую характеристику речевой деятельности.
3. Выявить специфику изучения иностранного языка на этапе обучения;
4. Рассмотреть и классифицировать современные педагогические технологии;
5. Подробно изучить проектную дея-

тельность как один из способов повышения эффективности обучения устной речи на уроках иностранного языка;

6. Сформулировать критерии оценки уровня владения устной речью;

7. Определить последовательность проведения опытного обучения и провести анализ результатов;

Для достижения следующих задач используются следующие исследования:

- теоретические: изучение лингвистической, психолого-педагогической, дидактической и методической литературы по теме исследования, анализ действующих программ и учебников;
- эмпирические: наблюдение за учебным процессом, беседа с учителями и учащимися, проведение опытного обучения.

В языковой области целью обучения иностранному языку при коммуникативной методике предполагается обучение общению на иностранном языке в устной и письменной форме в рамках речевой ситуации.

Как известно, способом устно-речевого общения является говорение. Цель обучения говорению в школе есть развитие у учащихся способности в соответствии с их реальными потребностями и интересами осуществлять устное речевое общение в разнообразных ситуациях.

Чтобы способствовать общению учащихся мы должны учитывать специфические признаки данного вида речевой деятельности, такие как мотивированность, целенаправленность, активность, связь с личностью и мыслительной деятельностью человека, эвристичность, самостоятельность, темп и ситуативность. Если есть цели и мотивы общения, учтены характерные особенности участников общения, их возраст, уровень развития и т.д., то акт общения в рамках какой-либо речевой ситуации, безусловно, состоится.

Для создания данных условий в процессе обучения английскому языку я использую приемы активизации, которые учитывают все выше перечисленные признаки устного речевого вида деятельности. Преимущества этих приемов в том, что учащиеся, активно участвуя в процессе обучения, начинают обдумывать, вспоминать, использовать изученный языковой материал.

Приемы закрепления грамматических структур в устной речи учеников.

Во время изучения грамматики одной из основных целей является формирование умения учеников использовать грамматические структуры в речи. Использование мини-диалогов, содержащих личностно ориентированные вопросы – один из эффективных способов добиться этого.

К творческим заданиям при коммуникативной методике обучения английскому языку относят интерактивные ролевые игры и открытые обсуждения. На мой взгляд, использование их – удачный прием активизации учеников старших классов для побуждения их к устному высказыванию.

Учителя английского языка сталкиваются с проблемой «молчания учеников» на уроках развития навыков говорения. А как можно научить говорить на английском языке, если ученик не желает высказываться, или высказывается только тогда, когда учитель просит его об этом?

Современные педагогические технологии предполагают изменения учебной ситуации таким образом, чтобы учитель из «непререкаемого авторитета» стал внимательным и заинтересованным собеседником и соучастником процесса познания. Коммуникативная методика, как одна из современных методик, обучения английскому языку способствует тому, чтобы учитель был не только носителем информации, но и наблюдателем и консультантом.

В языковой области целью обучения иностранному языку при коммуникативной методике предполагается обучение общению на иностранном языке в устной и письменной форме в рамках речевой ситуации.

Как известно, способом устно-речевого общения является говорение. Цель обучения говорению в школе есть развитие у учащихся способности в соответствии с их реальными потребностями и интересами осуществлять устное речевое общение в разнообразных ситуациях.

Задача учителя в создании условий, которые способствовали бы общению учащихся. Для этого учитель должен учитывать специфические признаки данного вида речевой деятельности, такие как: мотивированность, целенаправленность, активность, связь с личностью и мыслительной деятельностью человека, эвристичность, самостоятельность, темп и ситуативность. Если есть цели и мотивы общения, учтены характерные особенности участников общения, их возраст, уровень развития и т.д., то акт общения в рамках какой-либо речевой ситуации, безусловно, состоится.

Лучшими приемами активизации устной речи учащихся, на мой взгляд, являются приемы взаимодействия человека с человеком, т.е. интерактивные приемы. Слово «интерактив» произошло от английского слова «interact», что значит «interact» – «взаимный», «act» – действовать. Данные приемы предполагают взаимодействие субъектов образовательного процесса на уровне «равный – равному», где учитель и участник занятия – часть одной команды, они работают для достижения одной цели.

Интерактивные приемы способствуют организации комфортных условий обучения, при которых все ученики активно взаимодействуют между собой. Их использование предполагает моделирование жизненных ситуаций, ролевых игр, общее решение вопросов на основании анализа обстоятельств и ситуации.

Еще не маловажный фактор обучения устной речи учеников – это, конечно же, навыки слушания (listening skills)

**Приемы закрепления грамматических структур в устной речи учеников.**

Во время изучения грамматики одной из основных целей является формирование умения учеников использовать грамматические структуры в речи. Использование мини-диалогов, содержащих личностно ориентированные вопросы – один из эффективных способов добиться этого.

а) Например, при отработке вопросительных форм Present Perfect предлагается следующее задание: «Ученик **A** должен описать свое состояние, остальные ученики (**P1, P2**) выясняют, почему он себя так чувствует, составляя общие вопросы в Present Perfect». В качестве опор предлагаются слова и выражения:

| Key words |
|---|
| Feelings: happy, sad, angry, excited, worried, pleased, tired |
| Reasons: pass exams, win the lottery, break the video, fail exams, received bad news, lose tennis match, go to a party, have an argument with a friend, lose wallet, sleep badly, buy new clothes |

**Выполнение задания.**
**A** I'm happy.
**P1** Have you won the lottery?
**A** No, I haven't.
**P2** Have you bought new clothes?
**A** No, I haven't.
**P3** Have you passed exams?
**A** Yes, I have.
**T** Now P4's turn to say about his feelings.

б) Данный же прием можно использовать при отработке вопросительной формы с местоимениями 3 лица единственного числа: «Ученик **А** говорит ученику **В** о своем состоянии, остальные расспрашивают ученика **В**, составляя вопросы в Present Perfect с местоимениями he/she/it».

**B** She is tired.

**P1** Has she gone to the party?

**B** No, she hasn't.

**P2** Has she slept badly?

**B** Yes, she has. Now it's turn your turn.

Любой учитель английского языка стремится не только научить говорить ученика на языке, но и работает над обогащением речи учащихся. Оценочно-эмоциональные выражения украшают речь и помогают высказать мысль в интересной форме.

Данный прием способствуют взаимодействию между собой участников образовательного процесса, т.е. являются интерактивными. Учитель во время использования данных приемов на уроке является равным среди равных: он может задавать вопросы, предлагать ответы, делать предположения, высказывать свое мнение.

Данные приемы мотивируют на устно-речевое высказывание, так как перед учениками есть цель; учащиеся активны при их выполнении, так как присутствует связь с личностью и мыслительной деятельностью ученика. В данных приемах есть элемент неожиданности и эвристичности. Соревновательный дух, умение быть самостоятельными в то же время работать в группе вызывает интерес учащихся и желание высказаться или поговорить на английском языке.

**Эльнара Болатовна**
**КУДАЙБЕРГЕНОВА,**
**учитель английского языка ОШ №4**
**города Аксай.**
**Бурлинский район,**
**Западно-Казахстанская область.**

# Изучение структурных особенностей публицистического текста в жанре интервью на уроках русского языка и литературы

Согласно Учебной образовательной программе по предмету «Русский язык и литература (Я2)» (основная школа) у учащихся необходимо развивать коммуникативные навыки, побуждать их к грамотному использованию русского языка и литературы в устной и письменной формах общения со сверстниками, учителями и более широкой аудиторией через СМИ и другие средства коммуникации. Учащиеся должны овладеть умением участвовать в общении с целью обмена информацией, побуждения собеседника к выполнению какого-либо действия или деятельности в связи с представленной коммуникативной ситуацией.

Интервью является одним из самых продуктивных коммуникативных мето-

дов, способствующих формированию навыков иноязычной коммуникации.

Практика обучения созданию текста в жанре публицистического стиля интервью (цель обучения П1. Создавать тексты публицистического стиля (статья, **интервью,** очерк, послание) и официально-делового стиля (характеристика, автобиография, резюме)) показывает, что учащиеся сталкиваются с трудностями в подборе заголовка, составлении содержательного вступления и заключения, вопросы часто предполагают односложные ответы и не способствуют раскрытию сложных идей, между ними может отсутствовать логическая последовательность.

Для успешного создания текста в жанре интервью учащимся предлагаются следующие теоретические сведения и практические упражнения.

**Структурный элемент: заголовок.**

**Заголовок** – это текстовый знак, являющийся обязательной частью текста и имеющий в нем фиксированное положение. Это, бесспорно, сильная позиция любого текста. Заголовок интервью призван привлечь читателя прочитать, заинтересовать его.

В заголовке могут содержаться подсказки, которые помогут понять, о чём пойдёт речь в тексте.

Для выбора заголовка интервью можно использовать яркую/интересную цитату респондента *(«Главное – не занимать позицию страуса»*), риторический вопрос по теме (вопрос, ответ на который не требуется *«Можно ли встретить человека, которому незнакомо имя А.С. Пушкина?»*), статистические данные, вызывающие большой интерес («Для 95% компаний полная цифровая трансформация пока недостижима»), связь с резонансным событием (общественный резонанс – это выраженное общественное мнение, реакция различных слоев населения на определенное событие в обществе, мире «Мир после пандемии: что ждет экономику Казахстана?»).

Учащимся предлагается прочитать заголовки интервью и определить, что они отражают: тему или основную мысль («Сердце, отданное детям», «Великий маг и волшебник», «Не могу оставаться в стороне», «Величайший тенор современности»)

Учащиеся самостоятельно могут сформулировать заголовки к интервью, используя риторический вопрос, яркую цитату, статистические данные.

**Структурный элемент: введение.**

**Введение** – краткое ознакомительное вступление к интервью.

Во введении можно указать информационный повод, тему интервью, отметить актуальность рассматриваемой проблемы; сообщить фамилию, имя, отчество героя, должность и социальное положение. При написании интервью учитывается целевая аудитория.

Введение может быть разных видов: ***1) Вопросно-ответное единство.***

Такое введение напоминает по форме диалог и сразу обращает на себя внимание энергичным началом. (Что значит роль личности Л. Н. Толстого в русской литературе? Все хорошо знают имя этого человека, написавшего роман-эпопею «Война и мир». Но что выделяло всемирно известного писателя среди других? Над этими вопросами задумывался А.И. Куприн, когда писал воспоминания о своей встрече с Толстым в 1905 году. Об этом нам расскажет...); ***2) Назывные предложения***. Предложения, которыми открывается интервью, могут содержать основные понятия, связанные с именем собеседника (Спорт... Головокружительные победы! Высокие награды! Высокие звания! Такие

мысли приходят в голову, когда слышишь имя гостя нашей сегодняшней программы); **3) Риторический вопрос.**

Риторический вопрос представляет собой вопрос-утверждение, который не требует ответа (Что значит для людей Родина? Какое значение она имеет в человеческой жизни? Эти вопросы не раз поднимал в своих статьях гость нашего эфира...); **4) Лирическое вступление.** Лирическое вступление – это размышление, высказывание, выражающее чувственное отношение к изображаемому (Здесь мало увидеть/Здесь нужно всмотреться/Чтоб ясной любовью/Наполнилось сердце... Красота природы нашего края яркими красками отразилась на полотнах известного художника, который пришел сегодня в нашу студию); ***5) Сравнение прошлого и настоящего*** Закон или человеческое отношение? Что выбрать? С одной стороны, всё просто и понятно: выбор всегда должен быть в пользу закона. В связи с этим вспоминаются слова известного римского оратора Цицерона: «Суров закон, но это закон». С другой стороны, не всё так просто, и порой жизнь предлагает человеку сделать свой выбор: встать на сторону закона или проявить милосердие. Именно это мы обсудим сегодня с нашим гостем.

Во введении используются следующие формулы представления:

- Я рад/счастлив представить вам...
- Позвольте/разрешите представить вам...
- Я с удовольствием представляю вам...
- Сегодня у нас в гостях...

Учащимся предлагается выбрать предложения, которые могут быть во вступлении:

1. На сегодня экологическая проблема для нас самая острая – речь идет о выживании.
2. В этот слякотный декабрьский день вдруг подморозило.
3. «Равнодушие – это паралич души, преждевременная смерть». Мне кажется, эти слова Антона Павловича Чехова очень точно характеризуют равнодушных людей.
4. Мы с подругой не могли пойти домой так поздно в этот темный зимний вечер.
5. Димаш – обладатель многих наград, поп-сенсация и лауреат премии The Voice China.
6. Проблема, которую она затрагивает, интересует меня не только как читателя, но и как человека, живущего интересами своего времени и своего поколения.

Учащиеся представят себя в роли журналиста школьной газеты. Накануне прошла экологическая акция «Очистим планету от мусора». Им предлагается написать введение для интервью с организатором этой акции, членом ученического парламента.

**Структурный элемент: основная часть.**

Система вопросов и ответов составляет основную содержательную часть интервью. Созданию интересного содержательного интервью могут помочь вопросы, сформулированные в соответствии с «ромашкой Блума». При создании текста в жанре интервью необходимо достаточно хорошо раскрыть простые и сложные идеи, при этом выдержать структуру, выстроить вопросы в логической последовательности, сформулировать их таким образом, чтобы они подразумевали неодносложные ответы.

**Простые вопросы.** Это вопросы, отвечая на которые, нужно назвать какие-то факты, вспомнить и воспроизвести определенную информацию («Кто был Вашим кумиром?», «Когда Вы поступили в университет?»).

**Уточняющие вопросы.** Обычно начи-

наются со слов: «То есть ты говоришь, что...?», «Если я правильно понял, то ...?», «Я могу ошибаться, но, по-моему, вы сказали о ...?». Целью этих вопросов является предоставление человеку возможностей для обратной связи относительно того, что он только что сказал. Иногда их задают с целью получения информации, отсутствующей в сообщении, но подразумевающейся («Вы действительно думаете, что этот метод будет эффективным?», «Если я правильно понял, то Вы готовитесь к следующему концерту?»).

**Интерпретационные (объясняющие) вопросы.** Обычно начинаются со слова «Почему?». Они направлены на установление причинно-следственных связей. Если ответ на этот вопрос известен, он из интерпретационного «превращается» в простой. Следовательно, данный тип вопроса «срабатывает» тогда, когда в ответе присутствует элемент самостоятельности («Почему Вы решили оставить медицинскую практику и стать преподавателем вуза?»).

**Творческие вопросы.** Если в вопросе есть частица «бы», элементы условности, предположения, прогноза, его называют творческим («Что изменилось бы, если тогда Вы не встретили на своем пути Вашего тренера?», «Как вы думаете, как будет развиваться киноиндустрия в Казахстане в ближайшем будущем?»).

**Оценочные вопросы.** Эти вопросы направлены на выяснение критериев оценки тех или иных событий, явлений, фактов («Как вы относитесь к тому, что сегодня мало выпускается отечественных фильмов?»).

**Практические вопросы.** Если вопрос направлен на установление взаимосвязи между теорией и практикой, его называют практическим («Когда в Вашей жизни пригодилось актерское мастерство?», «Как бы Вы поступили на месте Вашего продюсера?»).

При написании основной части интервью внимание учащихся следует обратить на следующее:

1. Вопросы могут быть как тонкими, так и толстыми. Но не включайте в интервью вопросы только одного типа. Цель тонких вопросов – дать читателю/слушателю точную и детальную информацию (во сколько лет? кто был наставником/примером? каким был график?...). Цель толстых вопросов – узнать о мотивации, взглядах, причинах (если бы у Вас был миллион? если бы у Вас был второй шанс? что было причиной? каким, на Ваш взгляд, будет будущее? почему Вы решили? что можете пожелать?...)

2. Вопросы следует строить так, чтобы они шли по «нарастающей»: от простых и детальных до «толстых», последним можно задать вопрос, связанный с планами на будущее и пожеланиями.

3. По объему вопросы не должны быть больше, чем объем ответов.

4. К каждому вопросу следует переходить плавно, используя интересную информацию по теме (события, факты, статистика, мнение, цитата и др.), позволяющую вести конструктивную беседу.

5. Для передачи эмоций, вызванных вопросом/ответом надо использовать ремарки *(смеется, с удивлением, после паузы, задумавшись и др.)*.

6. При написании основной части интервью вопросы и ответы к ним нужно начинать с новой строки с длинного тире.

7. Для организации успешного интервью вопросы задаются в логической последовательности.

8. Важно учесть то, чтобы вопросы были максимально уместны. Составляя вопросы для интервью, интервьюер должен учесть биографические данные, харак-

тер собеседника, контекст, обсуждаемую тему, а также соответствие поставленным целям.

С целью закрепления сведений об основной части интервью учащимся предлагается прочитать несколько вопросов из интервью с различными людьми и определить, с помощью каких вопросов интервьюер может получить от своего собеседника фактическую, детальную информацию, а с помощью каких вопросов – более полную, развернутую.

1. Когда появился Ваш первый проект?

2. Что, на Ваш взгляд, можно изменить в сфере обслуживания клиентов банка?

3. Как Вы относитесь к тому, что большинство современных подростков проводит много времени в социальных сетях?

Учащимся предлагается прочитать информацию об известном спортсмене и составят на ее основе 6 вопросов разного типа (Профессиональный велогонщик Александр Винокуров вырвал победу в мировом чемпионате Ironman 70.3, который проводился в Ницце. Знаменитому казахстанцу 46 лет, но это не помешало ему стать лидером среди 507 человек в его возрастной категории. Велогонщик всего за 4 часа 28 минут прошел плавание, велоэтап и бег)

**Структурный элемент: концовка**

**Заключение** должно соответствовать вступлению, теме, основному тексту интервью по содержанию.

В заключении интервью можно:

• подвести итог всего рассуждения;

• использовать уместную цитату, содержащую суть главной мысли интервью;

• дать краткий и точный ответ на вопрос темы;

• выразить благодарность собеседнику.

**В заключении используются следующие формулы благодарности:**

• Огромное/большое спасибо Вам за...

• Сердечно/от всей души благодарим Вас за то, что...

• Мы глубоко/сердечно признательны Вам за...

• Разрешите/позвольте поблагодарить Вас за...

• Нам хочется/хотелось бы поблагодарить/выразить нашу благодарность...

**Для краткого комментария встречи используются фразы:**

• Сегодня гостем нашей программы был (а)...

• Из разговора с ней (ним) мы узнали, что ....(жизненное кредо, отношение к людям и др.)

• ... (имя) считает, что в жизни всё зависит от ..., а успех приходит, когда....

Учащимся предлагается дописать предложения для заключительной части (Огромное/большое спасибо Вам за... . Сердечно/ от всей души благодарим Вас за то, что... . Мы глубоко/сердечно признательны Вам за... Разрешите/позвольте поблагодарить Вас за... . Нам хочется/хотелось бы поблагодарить/выразить нашу ... .)

Владея знаниями о построении каждой структурной части, учащиеся смогут успешно написать текст публицистического стиля в жанре интервью.

Выполнение работы в жанре интервью в соответствии с композиционными особенностями поможет им оптимально раскрыть его содержание и смысл.

**Ольга Александровна ДРОЗДОВА,**
**Менсулу Шайдулловна МАЖИТХАНОВА,**
**учителя русского языка и литературы НИШ ХБН**
**г. Петропавловск.**

# Определение годности цилиндровых втулок и отверстий шатунов

*Цель работы*: Изучение инструментов для контроля отклонений формы деталей и умение дать заключение о необходимости ремонта.

*Содержание работы*: изучив устройство индикаторного нутромера, измерить деталь, определить действительные размеры и отклонения формы поверхности измеренного отверстия. сделать заключение о годности детали.

Индикаторные нутромеры применяют для измерения отверстий.

Измерение заданной детали производить следующим образом:

1. По чертежу заданной детали определить номинальный размер измеряемого отверстия (если нет чертежа детали, то диаметр отверстия следует предварительно измерить каким-либо грубым средством измерения, например, линейкой, штангенциркулем)

2. Зная приближенный размер отверстия (или номинальный размер}, выбрать соответствующий сменный неподвижный стержень (упор), установить его в корпусе нутромера и закрепить контргайкой или накидной гайкой.

3. Установить в трех сечениях нутромер индикатор часового типа, при этом его большая стрелка должна сделать 1-2 полных оборота, а маленькая стрелка совпадать с риской целого числа мм.

4. Ввести индикаторный нутромер в проверяемое отверстие детали, небольшим покачиваем нутромера (рис.4) найти наибольшее и записать значение.

5.Измерить отверстие детали в двух взаимно перпендикулярных направлениях по трем поперечным сечениям. Записать наибольшее показание индикатора.

6. Дать оценку отклонения формы отверстия от круглости и отклонения от цилиндричности.

7. Начертить упрощенный эскиз детали с измеряемым отверстием и условными значками показать действительное отклонение формы.



Рис.4. Установка индикатора

**8. Измерение отверстия втулки**

Для каждого измерения, определить действительные размеры отверстия, а также отклонения формы отверстия.

Сравнив полученные результаты с предельными размерами и допуском формы отверстия, сделать заключение о его годности.

**Контрольные вопросы**

**1. Как производится нулевая установка индикаторного нутромера?**

2. Обязательно ли устанавливать шкалу индикатора в нулевое положение до начала измерений?

3. Как определяют отклонение формы цилиндрических поверхностей?

**Алтынгул Дюсенбаевна СЕЛБАЕВА,**
**преподаватель специальных дисциплин**
**Мангистауского энергетического колледжа**
**г. Актау.**

# Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Сөйлеуді дамыту

**Тақырыбы:** Аспан әлемі

**Мақсаты:** Балалар ғарыш әлемі туралы біледі, бірнеше ғаламшарларды ажырата алады.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Педагогтың іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де<br>Қуанайық достарым<br>Арайлап атқан күнге | Балалар шаттық шеңберін орындайды |
| | - Балалар, қазір қандай жыл мезгілі?<br>- Ауа-райы қандай?<br>- Қалай киініп келдік?<br>- Қандай ертегілерді білеміз? Суреттерді көрсету.<br>- Балалар, біз қандай ғаламшарда өмір сүреміз? (Жер)<br>- Ал жоғарыда, біздің үстімізде не бар? (Ай, жұлдыз, күн, т.б)<br>- Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан.<br><br>**Жұмбақ шешу.**<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады. (Күн)<br>Түнде аспанды басады. (Жұлдыз)<br>Ұшады қанатсыз,<br>Зырлайды аяқсыз. (Зымыран)<br>Көлде жүрген ақ үйрек,<br>Түнде бар да, күндіз жоқ. (Ай) | Мұқият тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Жұмбақтар шешеді. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденушілік** | - Жарайсыңдар, балалар! Олай болса, балалар, зымыран, күн, жұлдыз, ай барлығы қайда орналасқан?<br>- Аспан әлемінде.<br>**Ойын «Жерде, аспанда».**<br>- Балалар жерді қоршаған бүкіл дүние ғарыш деп аталады. Ғарыш әлемі кең байтақ! | |

| | | |
|---|---|---|
| | Ғарыш әлемінде көптеген ғаламшарлар бар. Меркурий, Венера, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон. Көптеген жұлдыздар бар. Ең үлкен жұлдыз – Күн. Күн – ғарыштың жүрегі.<br><br>- Ал ғарышқа кімдер ұшады?<br>- Ғарышкерлер Ю. Гагарин, Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев, А. Айымбетов.<br><br>Тіл ұстарту жаттығуы<br>-ер, -ер, -ер<br>Біз боламыз ғарышкер<br>-ға, -ға, -ға<br>Біз ұштық айға<br><br>Сергіту сәті: «Мен ғарышкер боламын»<br>- Арманы бар бір ғана,<br>Талабы зор баламыз.<br>Шыныгумен шындала,<br>Тез-ақ өсіп толамын.<br>Жұлдыздарды жағалай,<br>Айға барып қонамын.<br>Тұңғыш Тоқтар ағадай.<br>Мен ғарышкер боламын,<br>Жұлдыздарды жағалай,<br>Айға барып қонамын.<br>Тұңғыш Тоқтар ағадай.<br>Мен ғарышкер боламын.<br><br>**«Қимылына қарай орналастыр»**<br>Шығармашылық жұмыс.<br>Балалар ғарышқа ұшу үшін не қажет?<br>**Зымыранның, ғарышкердің макеттерін жасады.** | - Ғарышкерлер<br><br>- Зымыран |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Қорытынды.<br>- Біз бүгін не жайлы айттық?<br>- Аспанда не бар екен?<br>- Ғарышкер деген кім?<br>Мадақтау. Жұлдызша тарату | Көрмеге жұмыстарын қойып тамашалайды. |

**Күтіліетін нәтиже:**

**Білуі керек:** аспан әлемі жайлы.

**Игереді:** аспан денелерін атап, құрастыру.

**Біледі:** күн, ай, жұлдыз туралы.

**Алмагул Куттыбаевна СУЛЕЙМЕНОВА,**
**МКҚК «Балдырған» балабақшасының тәрбиешісі.**
**Жымпиты ауылы,**
**Сырым ауданы,**
**Батыс Қазақстан облысы.**

# «Астана – мәдениет пен өнер ордасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау



**Жансауле Ролифовна КУЖАМРАТОВА,**
**«Рудный қаласы білім бөлімінің №10 мектеп-гимназиясы» КММ**
**қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі.**
**Қостанай облысы.**

**Сөйлеу әрекетінің түрлері:** Оқылым. Айтылым.

**Оқу мақсаты:**

6.3.3.1 – орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау;

6.2.6.1 – тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;

**Бағалау критерийі**

*Негізгі ойды тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы анықтайды.

* Тірек сөздерді қолданып,сурет бойынша әңгіме құрастырады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Қолдану

**Орындау уақыты:** 15-20 минут

**Оқылым:** Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен 2010-2013 жылдары салынды. Театрдың салтанатты ашылуында Елбасы: «Зауыттар мен жолдар салатын ел, берік тірегін болашақ жылдар бойына орнатады. Мектептер мен аурухана салатын ел, ұлт болашағының ондаған жылдар бойғы қамын жейді. Театр тұрғызатын ел ғасырлар арқылы болашағына көз тігеді», - деген еді.

Есілдің сол жағалауында орналасқан «Астана Опера» театры асқақ сән-салтанатымен көз тартады. Ғимараттың жалпы ауданы 64 мың шаршы метр. Оның 3000 шаршы метрін сахна аумағы алып жатыр. «Астана Опера» өзінің көлемімен ғана емес, сонымен қатар, әсем сәулетімен де таң қалдырады. Әлемдік сәулет өнерінің ең үздік классикалық дәстүрлері ескеріле салынған театр сәулетінде ұлттық нақыш айқын байқалады.

Театрдың Үлкен залы 1250 орынға есептелген, ал Камералық зал 250 адамға арналған. Техникалық мүмкіндіктері бойынша «Астана Опера» көптеген әлемдік театрлардан асып түседі десек артық айтқандық емес.

2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің алғашқы маусымын М. Төлебаевтың ұлы туындысы – Абзал Мұхитдиновтың жаңа музыкалық редакциясындағы «Біржан – Сара» операсымен салтанатты түрде ашты.

**1-тапсырма. Берілген сөздерді аудармасымен сәйкестендіріңіз.** ***2 ұпай***

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1** | аумағы, көлемі | **А** | привлекает |
| **2** | таң қалдырады, таңдай қаққызады | **Б** | занавес |
| **3** | шымылдығын | **В** | удивляет |
| **4** | көз тартады | **Г** | объем |

**2-тапсырма. Сөйлем мазмұнына сай көп нүктенің орнына берілген сөздер мен сөз тіркестерін қойыңыз:** ***аумағымен, шымылдығын, сән-салтанатымен 3 ұпай***

**1.** Сол жақ жағалауда тұрғызылған «Астана Опера» ерекше ........................ көркем.
**2.** «Астана Опера» өзінің ................................. қатар көркем сәулетімен де таңдай қаққызады.
**3.** «Біржан – Сара» операсы салтанатты түрде театрдың ..................................... ашты.

**3-тапсырма. Мәтіннен ең маңызды 5 тірек сөзді жазыңыз.** ***1 ұпай***

___

**4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.** ***2 ұпай***
**1.** «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры қай жылы салынды?
**2.** «Астана Опера» Есілдің қай жағалауында орналасқан?

**5-тапсырма.** Берілген ақпараттардың ішінен мәтін мазмұнына сай келетін 2 дұрыс тұжырымды анықтаңыз. ***2 ұпай***

| № | Ақпарат | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|---|
| 1 | «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен салынды. | | |
| 2 | «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры 2010-2013 жылдары салынбады. | | |
| 3 | «Астана Опера » театры Есілдің сол жағалауында орналасқан. | | |
| 4 | «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Абзал Мұхитдиновтың бастамасымен 2010-2013 жылдары салынды. | | |

**Айтылым.**

**6-тапсырма.** Суреттер мен тірек сөздерді қолданып, «**Театрда өзіңді қалай ұстау керек?**» тақырыбында әңгіме құрастырыңыз. ***6 ұпай***

**Тірек сөздер:** *театр, мәдениет сақтау, қағида, қойылым, уақыт, кешікпеу, киім, ұялы телефон, қошемет.*

| **Бағалау критерийі** | **№ тапсырма** | **Дескриптор**<br>***Білім алушы*** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Негізгі ойды тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы анықтайды | 1 | Берілген сөздерді аудармасымен сәйкестендіре алады. | **2** |
| | 2 | көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастырады; | **3** |
| | 3 | Мәтіннен ең маңызды 5 тірек сөзді жаза алады | **1** |
| | 4 | Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жаза алады | **2** |
| | 5 | Берілген ақпараттардың ішінен мәтін мазмұнына сай келетін 2 дұрыс тұжырымды анықтай алады | **2** |
| Тірек сөздерді қолданып, сурет бойынша әңгіме құрастырады | 6 | Сурет пен тірек сөздердің көмегімен әңгіме құрастыра алады | **5** |
| | | Әңгіме құрылымын сақтай алады | **1** |
| **Барлығы** | | | **16** |

# Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі



**Гүлімай Сахиқызы БАЙНИЯЗОВА,**
**№177 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Сексеуіл кенті,**
**Арал ауданы,**
**Қызылорда облысы.**

| | |
|---|---|
| ***ҮМЖ бөлімі*** | ***3-бөлім. Адамгершілік – асыл қасиет*** |
| ***Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты*** | **5.Т/ЖЗ**.Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу. |
| ***Сабақтың мақсаты*** | ***<u>Барлық оқушылар үшін:</u>***<br>Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын аша алады.<br>***<u>Басым бөлігі:</u>***<br>*Әдеби шығармадағы кейіпкерлерді іс-әрекеттері арқылы ажырата алады.*<br>***<u>Кейбір оқушылар:</u>***<br>*Кейіпкерлер әрекетіне баға беріп, сыни пікірін білдіреді.* |
| ***Құндылықтарға баулу*** | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбсу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы Қызығушылық ты ояту. 7 мин.*** | **(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1. Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br>**Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br>**Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі көрінеді.<br>Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі. | | | Оқулық, жұмыс дәптерлері ДК экраны |
| ***Жаңа сабаққа кіріспе***  | **(Ұ) «Стоп кадр»** әдісі. (Ұядағы балапандар суреті)<br>Суреттен не байқадыңдар?<br>Ұядағы балапандарды кімдерге ұқсатуға болады? | Оқушының іс әрекеті:<br>Бейнежазба туралы өз ойын білдіреді.<br>Ұядағы балапандарды бауырлармен теңейді | **Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын | **Қалыптасты рушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға |

<table>
<tr>
<td rowspan="2"></td>
<td rowspan="2">Қандай сезімде болдыңдар?Бүгінгі тақырыппен байланысы бар ма? Әрине, балапандар – бауырлар<br><br>Сабақтың оқу мақсаты мен бағалау критерийлері мен таныстыру<br>М. Қабанбай «Бауырлар» әңгімесі<br><br>«Дұрыс, бұрыс» әдісі арқылы өткен тақырып М. Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесінен сұрақтар қойылады.</td>
<td>Бейнежазбадан алған әсерлерін бөліседі.<br><br>«Дұрыс, бұрыс» әдісі<br><br>Оқиға желісі бойынша</td>
<td>көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br><br>«Дұрыс, бұрыс»</td>
<td rowspan="2">белсенділік-пен қатысқан оқушыға<br><br>Суреттер Презентация<br><br>«Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">
<table>
<tr><th>Оқиға желісі</th><th>Дұрыс</th><th>Бұрыс</th></tr>
<tr><td>Манап бауырын іздеп балалар үйіне келеді</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қали ағасын қуана қарсы алды.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бауырын сағынған Қали ағасымен ұзақ әңгімелесті.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Манап інісін көп жыл көрмегендіктен салқын амандасты.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>О, табиғатты жақсы көрсмін! Үйірмеге отызға жуық оқушылар мүше, - деді Манап</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ауыл есіңде ме? Көкем, мен... Қалғұты ...тау, қалың орман есіңде шығар? - деп салды Манап</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 31мин.</td>
<td>«Ең. ең....» әдісі<br>Байтерек суреті(әр оқушы бауыр сөзіне байланысты сын есімдер жазады)<br><br>Сыныпты 4 топқа бөлу (Аға, іні, бауыр, алтын ұя сөздеріне қарай топтасады)</td>
<td>Әр оқушы бауыр сөзіне «Ең. ең....» әдісімен қажетті сөздерді жазады</td>
<td>Ең, ең жақын бауыр<br>Ең, ең мейірімді жан бауыр<br>Ең, ең жанашыр адам бауыр<br>Ең ...</td>
<td>Оқулық, жұмыс дәптерлері.</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>I. Топтық жұмыс: «Әдеби үйірме» әдісі<br>Әр топ берілген үзінді бойынша постер қорғау.</td>
<td></td>
<td></td>
<td>Оқулық, жұмыс дәптерлері.</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***1-топ. «Бауыр» тобы***<br>- Туу, Эльжбетта Сергеевна, терді жаңа үтіп, тырыс-бырысты жаза бастағанымыз сол еді. Басқа қолайлы уақыт табылмады ма? - деді.<br>- Сөзіңе болайын, Ғали. Жаттығу ағаңнан қымбат болып па? Алыстағы ағаң жыл он екі айда бір рет келеді. Жаттығу қайда қашады? (111-бет).<br><br>***2-топ. «Аға» тобы***<br>Ғали «Осы не деп отыр деп?» тесіле қарады. Орынсыз сұрақ қойғанын кеш білген Манаптың бетінен оты шықты. Аға болу қиын шаруа екен. Ойлап отырса, он бір жыл бұрын Ғалиды балалар үйіне тапсырып тұрып, үніз жылағанда ғана аға болыпты (113-бет)<br>***3-топ. «Іні» тобы***<br>**...** Мен мектеп интернатта оқимын. Сонда деймін де: қалмаймын десе қалмаймын!» деп зар илеп жылағаны күні бүгін көз алдымда. Ұстап жібермеген тәрбиешінің білегін қыршып алдың... (114-бет)<br>**4-топ «Алтын ұя» тобы**<br>Бой жағынан қарайлас бозбала төніп қалғанда:<br>- Бар екенсің, бауырым! - деп, алға | ***1-топ***. Тапсырма<br>Ғали ағасы келгеніне неге қуанбады? Себебін анықтап, ойларыңды дәлелдермен жеткізіңдер.<br><br>***2-топ.***<br>Манап бетінен оты шыға неге ұялды? Ойларыңды дәлелде.<br><br>***3-топ.***<br>Қимай қоштасқан бауырлардың кездесу сәтінен сол кездегі қимастықтың байқалмауы неліктен? Ойыңды дәлелде.<br><br>**4-топ**<br>Ғалидың ағасын суық қабылдауының себебі не? Өз ойларыңды дәлелді себептермен түсіндіріңдер. | **Дескриптор:**<br>**Жалпы ұпай: 4**<br><br>Берілген үзінді бойынша ойларын жеткізеді:<br>Көтерілген мәселені анықтайды – 1<br>Деректермен дәлелдейді – 1<br>Ойын көркем жеткізеді – 1<br>Кейіпкерге баға береді – 1 | |

<table>
<tr><td></td><td>созған екі қолын айқара ашып, ыстық құшаққа айналдыра беріп еді, Қали:<br>- Здравствуйте, дяденька! Как живете? Демесі бар ма? Созған қолы сынғандай сылқ түсті.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>II. Жеке жұмыс. Психологиялық тапсырма «Менің сезім» әдісі. Тапсырма: Мәтіннен Манап пен Қалидың көңіл күйін анықтайтын ең ерекше үзіндіні тап. Сол үзінді саған қандай ой салды? Ойыңмен бөліс.</td><td>Жеке жұмыс<br>Оқушылар мәтіннен өздеріне ерекше әсер еткен үзінділі тауып оқиды.</td><td>Дескриптор:<br>Жалпы ұпай: 5 ұпай<br>Мәтіннен ұнаған үзіндіні табады.<br>Кейіпкер көңіл күйін анықтайды.<br>Үзіндінің ұнаған себебін айтады.<table><tr><th>Ұнаған үзіндім</th><th>Ұнаған себебі</th></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td><td>ҚБ: Мадақтау сөздер</td></tr>
<tr><td></td><td>III. Жұптық жұмыс. «Балық қаңқасы» әдісі. Тапсырма: Қаңқаның жоғарғы бөлігіне әңгімедегі оқиғаның ұнамды бөліктерін, төменгі тұсына ұнамсыз бөліктерін орналастыр.</td><td>Жұптық жұмыс<br>Оқушылар шығарма оқиғасының ұнамды бөліктерін қаңқаның жоғарғы бөліктеріне,ұнамсыз оқиғаларды төменгі бөліктеріне орналастырып жазады.</td><td>Дескриптор: 3 ұпай<br>Шығармадан ұнаған оқиғаларды табады.<br>Әңгімеден ұнамсыз оқиғаларды анықтайды.</td><td>ҚБ: Бағдаршам<br><br>Балық қаңқасының суреті</td></tr>
<tr><td colspan="2"><br>IV. Сыныппен жұмыс. «Кейіпкерді таны» әдісі..<table><tr><th>Кейін-кер</th><th>Мінезі</th><th>Іс әрекеті</th><th>Менің бағам</th></tr><tr><td>Манап</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Қали</td><td></td><td></td><td></td></tr></table></td><td>Сыныппен жұмыс<br><br>Портрет дегеніміз не? Қалидың портретін табу. Шығармадан Қалидың портретін табады.</td><td>Дескриптор: 3 ұпай<br>Кейіпкерге мінездеме береді<br>Үзінді арқылы іс әрекетін анықтайды.<br>Кейіпкерге баға береді.</td><td>ҚБ: Смайликтер<br><br>кестелер</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин.<br></td><td>Кері байланыс:<br>«Сиқырлы микрофон» әдісі<br>Бір сөйлеммен «Бауырлар» әңгімесі мен үшін...<br>(әр оқушы әңгімеден алған әсерлерін бір сөйлеммен жеткізу)</td><td>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.</td><td>Мұғалім оқушыларды «Жапондық бағалау» әдісі арқылы бағалайды. Яғни «Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым</td><td><br>«Бауыр керек» әні</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Рефлексия. «SMS хат» әдісі** (әр оқушы өз бауырларына ыстық бауырмалдық лебізін білдіру. «Бауыр керек» әнімен сабақты аяқтау. | | *бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 балдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | «Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 балдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

**Жалпы бағалау**

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1:

2:

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

1:

2:



# Заңсыз аң аулау. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері

| | |
|---|---|
| **Бөлім** | **Синтаксис. Биоалуантүрлілік. «Қызыл кітапқа» енген жануарлар мен өсімдіктер** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | ӘТН. 8.4.4.2 – тұрлаулы, тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын түсініп қолдану<br>Т/А. 8.1.6.1 Коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу. |
| **Сабақтың мақсаты** | ➢ «Заңсыз аң аулау» тақырыбы бойынша ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу.<br>➢ Тұрлаулы, тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын түсініп қолдану |

| **Сабақтың барысы** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>**Топқа бөлу**<br>1 мин<br><br>**Алдыңғы білімді тексеру**<br><br>5 мин<br><br>**Қызығушылықты ояту**<br><br>2 мин | А) Сәлемдесу;<br>Ә) Оқушыларды түгендеу.<br><br>**«Пазл» әдісі**<br>«Қазақстандағы қорықтар» және «Қазақстанның «Қызыл кітабы»» мәтіндерінің қиындылары арқылы топқа бөледі.<br><br>Оқушыларға «Қызыл кітап» туралы презентация жасауға тапсырма берілген.<br><br>**«Болжау» әдісі**<br>«Ақсақ киік» бейнефильмі<br>- Балалар, мына бейнефильм арқылы қандай тақырыпты болжай аласыңдар? | Мәтін қиындылары арқылы топқа бөлінеді.<br><br>Оқушылар «Қызыл кітапқа» таныстырылым жасайды.<br><br>Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпты табады, өз ойларын ортаға салады, болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді | ҚБ | Презентация, тақырыптық суреттер: аңшы, мылтық, аңдар, жануарлар, «Қызыл кітап»<br><br>**https://ok.ru/video/235773037242** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>***Жаңа сабақ***<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>7-8 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 мин<br><br><br>10-12 мин | *- Иә, балалар, дұрыс. Сабағымыздың лексикалық тақырыбы - «Заңсыз аң аулау»*<br>Енді Ахмет Байтұрсыновтың мына өлеңінің үзіндісіне назар аударайық:<br>**Бір мерген бозша құсты атып алды,**<br>**Қоймады өлтіріп-ақ жалғыз жанды.**<br>**Басында бір ағаштың үш баласы,**<br>**Шырылдап ұясында жетім қалды.**<br>**А. Байтұрсынов**<br>- А. Байтұрсынов өлеңінен қандай ой түйдіңдер?<br>- Заңсыз аң аулау туралы не білесіңдер?<br>Жақсы, олай болса, сабағымыздың грамматикалық тақырыбына көшелік:<br>*Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері*<br>**«Kahoot»** интербелсенді әдісімен ойын ойнату арқылы өткен тақырыптарға шолу жасау арқылы оқушылардың білімдерін пысықтау.<br>**Оқулықпен жұмыс**<br>• 1-жаттығудың А тапсырмасындағы мәтінін мұғалім оқиды<br>1-жаттығудың<br>В тапсырмасында мәтіннен бастауыш пен баяндауыштарды теріп жазу. Олардың қай сөз табынан болғанын түсіндіру<br>• 1-жаттығудың<br>Д тапсырмасында мәтіннің соңғы екі сөйлеміне синтаксистік талдау жасау<br>*Қазақстан Республикасы «Қызыл кітабына» жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін, құрып кету қаупі төнген түрлері жазылады.* | <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Оқушылар өз ойларын тұжырымдайды.<br><br><br><br><br>Оқушылар тез, жылдам жұмыс жасайды;<br>Өткен тақырыптар бойынша білімдерін пысықтайды;<br>Дұрыс жауап беруге тырысады.<br><br><br>Балалаар оқулықпен жұмыс жасайды.<br>Мәтіннен тұрлаулы мүшелерді табады.<br>Екі сөйлемге синтаксистік талдау жасайды. | **ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап, кері байланыс беріп отырады<br>ҚБ «Алақан»<br><br><br><br><br><br><br><br><br>ҚБ<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Платформаның бағалауы<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>ҚБ | Ақпараттық мәтін<br><br>Үлестірмелі қағаздар<br><br><br><br><br><br>Презентация<br><br><br><br><br><br><br><br>Презентация<br><br><br>«Kahoot» ойыны интерактивті тақтада |

<table>
<tr>
<td>Бекіту<br>3 мин</td>
<td>Оларды заңсыз олжалауға, алуға, өткізуге, жоюға тыйым салынады.<br>(интерактивті тақтада берілген сөйлемге синтаксистік талдау жасайды )<br><br>«Семантикалық кесте»</td>
<td>Семантикалық кесте арқылы оқушылардың білімі пысықталады.</td>
<td>ҚБ</td>
<td>Семантикалық кесте</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс<br>5 мин<br><br>Қорытынды<br>3мин<br><br>Бағалау<br><br>Үйге тапсырма:</td>
<td>«3 маңызды» әдісі бойынша бүгінгі сабаққа рефлексия жасатады<br><br>Мұғалім сабақты қорытындылайды<br><br>Бағалау парағы арқылы оқушыларды бағалайды<br><br>БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ
<table>
<tr><th>Оқушының аты -жөні</th><th>Білу</th><th>Түсіну</th><th>Қолдану</th><th>Талдау</th><th>Жинақтау</th></tr>
<tr><td></td><td>Үй тапсырмасы</td><td>Жаңа тақырыпты игеруі</td><td>Оқулықпен жұмыс,Кахут бойынша</td><td>Топтық тапсырма</td><td>Семантикалық карта</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br><br>«Заңсыз аң аулаудың ел экономикасына әсері» тақырыбында дебатқа дайындалып келу</td>
<td>«Заңға бағыну»<br><br>Мен үшін маңызды, себебі.........<br>Жастар үшін маңызды, себебі.........<br>Қоғам үшін маңызды, себебі.........<br><br>Бағалау парағы арқылы оқушыларды бағаланады</td>
<td></td>
<td>Бағалау парағы</td>
</tr>
</table>

**Динар Бектуровна АБЕНОВА,**
**«Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Семей қаласы.**

# Home and garden 1



**Гульбаршин Амановна ГАБДОЛОВА,**
**Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін**
**мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі.**
**Бостандық ауданы,**
**Алматы қаласы.**

| | |
|---|---|
| **Learning objectives** | 5.L1 understand a sequence of supported classroom instructions;<br>5.S6 communicate meaning clearly at sentence level during, pair, group and whole class exchanges;<br>5.C4 evaluate and respond constructively to feedback from others;<br>5.UE6 use basic personal and demonstrative pronouns and quantitative pronouns some, any, something, nothing anything on a limited range of familiar general and curricular topics. |
| **Lesson objectives** | **All learners will be able to:** know the parts of home and furniture, and understand the pronouns;<br>**Most learners will be able to:** describe and design rooms and meaning and differences of pronouns;<br>**Some learner will be able to:** talk and their dream houses using demonstrative pronouns and quantitative pronouns some, any, something, nothing, anything pronouns. |
| **Criteria** |  Makes up sentences with There is...., There are ....<br> Draws their posters by using new vocabulary;<br> Gives feedback to other groups;<br> Presents their posters by using new grammar, uses the pronouns in the sentences. |
| **Previous learning** | Unit revision |
| **Plan** | |

| **Planned timings** | **Planned activities** | **Learners' activities** | **Evaluation** | **Resources** |
|---|---|---|---|---|
| Beginning<br>5 min | **GREETING**<br>Psychological ready the group for the English lesson using:<br>*"I can…V "*<br>Divide the class into three groups as *"Rooms"* (bedroom, living room, kitchen, hall), "*Homes*" (flat, castle, cottage, villa) and *"Furniture"* (sofa, table, chair, wardrobe) with helping of pictures<br>Repeat and remember pass themes: grammar "There is..., There are..." and vocabulary connecting with home, rooms and furniture in their hand pictures.<br>Introduce the students with the aim of new theme | Learners follow the teacher's instructions | | Pictures<br><br>cards<br><br>https://youtube/casfzsV8p4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Middle<br>35 min | Play the Rooms of a House Quiz<br><br>Introduce with **new vocabulary**.<br>perfect [‘pə:fikt] – мінсіз<br>a two-storey house [ə tu: storid haus] – екі қабатты үй<br>to wipe [waip] – сүрту<br>to push [pus] – итеру<br>a wallpaper [wo:lpeipə] – тұсқағаз<br>raspberry [‘ra:zbəri] –таңқурай<br>delicious [di’lisəs] – дәмді<br>cosy [‘kəuzi] – ыңғайлы<br>various [‘veəriəs] – түрлі<br>pleasant [‘plezənt] – жағымды<br>nature [‘neitsə] – табиғат<br>to enter [‘entə] – кіру<br>**Reading the text “The house of my dream” Students try to understand the meaning of it.**<br>**True/ False statements**<br>1. My dream house is a two-storey building. **True**<br>2. There are two bedrooms in the house. **False**<br>3. The bedroom is not cozy and warm. False<br>4. There is a dining room in the house. **False**<br>5. There is a kitchen and a bathroom on the ground floor. **True**<br>6. The garden is a beautiful place to relax. **True**<br>7. There is a video system near the window in the bedroom. | Learners answer the following questions<br><br>1. Where do you brush your teeth in the house? (Bathroom)<br>2. Where do you cook food in the house? (Kitchen)<br>3. Where do you sleep at night in the house? (Bedroom)<br>4. Where do you eat dinner in the house? (Dining room)<br>5. Where do you sit with your family and watch TV? (Living room)<br>6. Where do you see grass? (Garden)<br>7. Where are your books, toys and games? (Bedroom)<br>8. Where are the dishes washed? (Kitchen)<br>9. Where does your family relax together? (Living room)<br>10. Where can you get wet inside your house? (Bathroom)<br><br>Learners listen and repeat | *Verbal evaluation*<br><br>*Mutual evaluation*<br><br>*Individual evaluation* | Pictures<br>Dining room<br><br>Bathroom<br><br>Bathroom<br><br>Bedroom<br><br>Sheet of papers with vocabulary<br><br>Texts<br><br>Posters |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Make a poster** "Project of my dream house" Using the method "Market".<br>Introduce with criteria of poster (description):<br>Use more new vocabulary.<br>Task achievement<br>Whole group participation<br>Feedback for poster<br>**Grammar:** Personal, demonstrative and quantitative pronouns<br>Meaning<br>Using<br>Examples<br>**Protect the project** using new grammar: personal, demonstrative and quantitative pronouns.<br>Introduce with criteria of poster's protect:<br>Use more new grammar<br>Task achievement<br>Pair work<br>Feedback for poster<br>**Exercise 1. Write** the sentences completing with basic personal (P. Pr), demonstrative(D. Pr) and quantitative pronouns (Q. Pr)<br>*(D. Pr)*...is ...*(P. Pr)*... bookshelf. I made it myself.<br>This is my bookshelf. I made it myself.<br>(6 sentences) | Learners read the text<br><br>Learners do True/False statements<br><br>Learners write the sentences completing with pronouns<br><br>Learners make posters<br><br>Learners write the sentences completing with pronouns | | |
| **End**<br>5 min | Reflection of the lesson:<br>The method of "Sandwich" – two interesting and one difficult moment<br>**Hometask:** Learn new vocabulary<br>Make up topic "My home"<br>Use more pronouns on the topic<br>**Saying good-bye** | | *Self-assessment* | |

# Жеңісті жақындатқандар

**Биылғы 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні мерекесі Сүлейменовтер отбасы үшін есте қаларлықтай ерекше болды. Айткүл Сүлейменова (Ыбырайым Сүлейменовтың қарындасы) ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың қолынан ағасына берілген «Халық Қаһарманы» атағын қабылдап алды.**

Ыбырайым Сүлейменов 1911 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Сарысу селосында дүниеге келді. 1941 жылы күзде армия қатарына шақырылды. 100-атқыштар бригадасында борышын атқарды. 1943 жылы Невель қаласын азат ету жолында қаза табады. 250-ге жуық жаудың көзін құртқан мерген. 1943 жылы 16 қазан Невельге жақын Изгоча станциясы үшін шайқасқа қатысады. Атақты пулеметші Мәншүк Мәметовамен бірге майданда қатарласа соғысады. Кеңес жаяу әскерлерінің оқ-жарақтары таусылып, кейін шегінгенде, Сүлейменов 12 жауды өлтіріп үлгереді. Ымырт үйірілгенде биіктегі қырда Мәметова мен Сүлейменов қана соңғы демі біткенше жаумен шайқасып, кейін шегінген жолдастарын қорғайды. Бұл бір ғана эпизоды. Төменде халық қаһарманы – Ыбырайым Сүлейменов туралы кеңінен сөз қозғамақпыз. Меркі аудандық білім бөлімінде Ләззат Абдрахманова есімді әріптесіміз жұмыс атқарады. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында, білім бөліміне кіріп қалдым.

- Анам астанаға кетті, туған нағашым Ыбырайым Сүлейменов осыдан 77 жыл бұрынғы ерлігіне «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, табысталмай қалған еді. Айткүл бауыры ретінде соны Президентіміз Қ. Тоқаевтың қолынан алуға кетті, - деген еді. Мынандай хабарға елең ете қалдым. Кешке теледидардан бүкіл Қазақстан бойынша 3 адамға ғана Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай «Халық Қаһарманы» атағы берілгені туралы айтылды. Соның бірі – Жамбылдық Ыбырайым Сүлейменов.

Осы орайда, 2020 жылғы 25 ақпандағы облыстық «Ақ жол» газетінде жарық көрген «Естен кетпес кездесу» деген Жатай Жұмаділұлының мақаласын оқыдым. Ләззат Абдрахманованың әкесі – Жатай Жұмаділов, бірнеше жыл қатарынан облыстық білім бөлімін басқарған, кезінде Мәскеуде оқыған, ҚазПИ-ді бітірген, 24 жасында аудандық оқу бөлімін басқарған. Аупартком хатшысы, партиялық-мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы болған. Білім саласын ұйымдастыру ісінде бүкіл республика бойынша көзге түскен басшы болды. Жер-жерден қаншама мектептер салды. Оқу-тәрбиелік әдістемелік жұмыстарды 1967-1987 жылдары жандандырады. Жатай Жұмаділов – Ыбырайым Сүлейменовтың қарындасы Айткүлдің жары. Атақты партизан-жазушы Қасым Қайсеновпен етене араласыпты.

Қ. Қайсенов: «Жатай диссертация қорғамаған ғалым, кітап жазбаған қаламгер, сахнаға шықпаған әнші ғой», - деп баға берген. Ғабит Мүсіреповтің де облысқа келгенде Жатай Жұмаділов жанында жүреді екен. Ол туралы, «Жалын» журналында (№10-11, 1993 ж.) жолжазба жазған Ғабең, ерекше айтып өткен. Осындай айтулы жандардың отбасында дүниеге келген Ләззат – өте керемет, қарапайым, кісі сыйлай білетін, білікті маман, нағашысы туралы аз жазылған жоқ. Дегенмен «Халық Қаһарманын» алғаннан кейін батыр жайлы жазу маған бұйырғаны тегін емес деп, бойымды қуаныш кернеп, қолыма қалам алдым. Ыбырайым Сүлейменов туралы материал іздегенде, 2020 жылғы 22 сәуірдегі «Ақ жол» газетінің санында, жазушы, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тараз қаласының құрметті азаматы, Көсемәлі Сәттібаевтың «Құралайды көзге атқан мерген» деген мақаласын оқып шықтым.

Эпиграф ретінде: «Ы. Сүлейменов неміс фашистерінің 239 әскерін жер жастандырса да оған «Кеңес Одағының батыры» атағы берілмеді. Сол әділетсіздікті тәуелсіз еліміздің «Халық Қаһарманы» атағымен өтесек, өткен өкініштен арылар едік», - деп жазған екен. Майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықов, - соғыстың қыры мен сырын біліп, майдангер журналист, Батыр Баукеңнің өзімен әңгімелесіп, роман-диалог жанрын дүниеге әкелген тұлға. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Ыбырайым Сүлейменовке «Халық Қаһарманы» деген ең жоғарғы атақ беру туралы алғаш рет бастама көтерген екен. Әзілхан Нұршайықов Ы. Сүлейменовпен майданда танысады. 1942 жылдан бастап, Ыбырайымның даңқы жер жарады. Молодой туд, Греэдово, Дроздово, Тройня, Плеханово ұрыстарында, Великие Луки қаласы үшін болған шайқастарда асқан мергендікпен ерлік көрсетеді. Калинин майданының ең атақты мергендерінің бірі болады. Ыбырайым Ржев қаласының түбінде соғысқа кіреді. 1943 жылдың қазан айына дейін мерген 239 фашисті жер жастандырған. Қаралы қазанда, пулеметші Мәншүк Мәметовамен бірге, биіктікті қорғау кезінде, ерлікпен қаза табады. Қиын-кескі ұрыстан соң қанды көйлек достар – Ыбырайым бекінген окоптардан табылған винтовкалар мен автоматтарға қарап, оқтары таусылғанын көреді. «Арманда кеткен есіл ерлерім-ай» деп өкініштері өзегін өртейді. Сонда да окоптардың айналасында 30 фашистің өлі денесі жатқанын көреді. Тараз қаласында Сүлейменов атындағы көше бар, сондай көше Невель қаласында да бар. Невель қаласының орталық зиратында қазақ халқының қаһарман перзенттері Мәншүк Мәметова мен Ыбырайым Сүлейменовке ескерткіш тақта орнатылған. Жыр алыбы Жамбылдың өзі Ыбырайым Сүлейменов қатысқан 100-атқыштар бригадасы жауынгерлі мен командирлерінің хатына жауап-өлең жазған. Өмірге 1911 жылы келген батыр, Сарысу ауданы, Ұйым ауылында өседі. Соғысқа орда бұзар отыз жасында аттанады. Жасақталған бригада санасында дайындықтан өтеді. Құралайды көзге атқан мерген, майданның алғы шебінде «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Батыр атағына лайық Сүлейменовтың талай мергендік ерлік істері ескерілмей Ленин орденімен ғана шектеліп қалып еді. «Фронтовик» газеті де, 239 немісті жер жастандырғанын жазып жатыпты. «Кеңес Одағының Батыры» атағына ұсынған құжаттар да сақтаулы екен. Жаңа Қазақстанның жарық күндері «Халық Қаһарманы» – Ыбырайым Сүлейменовті жарқырата таныттты. «Өлі риза болмай, тірі байымайды». Жеңістің 77 жылдығына орай, ұлтымызға ұран, ұрпағымызға үлгі ету үшін, «Халық Қаһарманы» атағын бергені өте орынды жасалған іс болды. Ләззәт, батырдың жиен қызы, нағашыңды қалай мақтан тұтсаң да жарасады. Анаңыз Айткүлдің де ел астанасына барып, президенттің қолынан осынау үлкен атақты алып қайтуы да – үлкен ерлік! Жасы ұзақ болсын, денсаулығы мықты болсын! Жеңісті жақындатқан батырлар ұрпағының, еңбектегі, бейбіт өмірдегі жеңіс жалауы желбірей берсін!

Иә, аталарымыздың шайқастардағы теңдессіз ерліктері мен табандылықтары ғасырлар бойы жасай береді. Олардың қайыспас қайсарлықтары мен Отанға шынайы берілгендіктері Қазақстандықтардың жас ұрпақтары үшін өнегесі мол, тамаша үлгі. Ұлы Жеңісті жақындатқан Ыбырайым Сүлейменовтың ерлігіне айрықша құрмет көрсетілгеніне қуаныштымыз. Рухына тағзым етеміз!!

**Ә. БОРАНҚҰЛОВА,**
**Оқушылар «Үміт» сарайының қосымша білім беру педагогы.**
**Меркі ауданы,**
**Жамбыл облысы.**